(практическое занятие «Ребенок с заиканием в общеобразовательном процессе»)



**Анализ** – Определите, по какому принципу выстроена последовательность:


- 1) сопряженная речь, отраженная речь, диалог, монолог
- 2) Звонкие взрывные согласные, глухие взрывные, щелевые, гласные

**Применение** – Продемонстрируйте 3 приема оказания педагогической помощи заикающемуся в момент судороги, если она наступила при устном ответе

6

## Разноуровневые задания по таксономии Блума

(практическое занятие)



**Оценка** – разработайте критериальный аппарат оценки работы специалистов команды сопровождения – не менее трех критериев для каждого из специалистов

**Синтез** – просмотрев видео, придумайте речевую игру, в которой бы учитывались закономерности: а) усложнения форм речи и б) убывания энергоёмкости фонем, проанализированные Вами ранее

7

**Критерии и параметры оценивания выполнения ПЗ**

|  |   | <b>Уровень 1: Знание . Максимальный балл по каждому из заданий: 1</b> |                 |
|--|---|---|-----------------|
| <b>Студент называет правильно</b>  | <b>Критерии</b>   | <b>Балл</b>   | <b>Ваш</b>      |
|  | • 6 специалистов команды внутреннего сопровождения  | 1   |                 |
|  | • 3-5 специалистов команды внутреннего сопровождения  | 0,5   |                 |
|  | • менее 2-х специалистов команды внутреннего сопровождения  | 0   |                 |
|  | • 5 специальных образовательных условий   | 1   |                 |
|  | • 2-4 специальных образовательных условия   | 0,5   |                 |
|  | • менее 2-х специальных образовательных условий   | 0   |                 |
|  | итого   |   |                 |
| <b>Уровень 2: Понимание Максимальный балл: 2</b>   |   |   |                 |
| <b>Студент приводит</b>  | <b>Критерии</b>   | <b>балл</b>   | <b>Ваш</b>      |
|  | • Объяснение передает основную суть термина, «Специальные образовательные условия», включает 4 из 4-х признаков                         | 2   |                 |
|  | • Объяснение, в основном, передает содержание термина, «Специальные образовательные условия» и включает 3 из 4-х признаков              | 1   |                 |
|  | • Объяснение не дает четкого представления термина «Специальные образовательные условия», однако включает не менее 2-х из 4-х признаков | 0,5   |                 |
|  | • Объяснение не дает четкого представления термина «Специальные образовательные условия» ни по одному из 4-х признаков                  | 0   |                 |
| <b>Уровень 3: Применение. Максимальный балл: 3</b>   |   |   |                 |
| <b>Критерии</b>  |   | <b>балл</b>   | <b>Ваш балл</b> |
| Студент демонстрирует в корректном исполнении  |   |   |                 |
| 3 приема оказания педагогической помощи заикающемуся в момент судороги, комментирует их выполнение   |   | 3   |                 |
| 2 приема оказания педагогической помощи заикающемуся в момент судороги, комментирует их выполнение, либо<br>3 приема оказания педагогической помощи заикающемуся в момент судороги, но затрудняется в комментариях |   | 2   |                 |
| 1 прием оказания педагогической помощи заикающемуся в момент судороги и комментирует   |   | 1   |                 |



|  |   |      |          |
|--|---|------|----------|
| Отсутствуют представления о приемах оказания педагогической помощи заикающемуся в момент судороги  |   | 0    |          |
| <b>Уровень 4: анализ. Максимальный балл: 4</b>   |   |      |          |
| <ul style="list-style-type: none"> <li>• Определяет, по каким принципам выстроены обе серии:                             <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сопряженная речь, отраженная речь, диалог, монолог</li> <li>2) Звонкие взрывные согласные, глухие взрывные, шелевые, гласные</li> </ol>                             Аргументирует ответ                         </li> </ul> |   | 4    |          |
| <ul style="list-style-type: none"> <li>• Называет принципы, по которым выстроены обе последовательности, но затрудняется в аргументации</li> </ul>   |   | 3    |          |
| <ul style="list-style-type: none"> <li>• Правильно определяет принцип построения одной из двух серий. Аргументирует</li> </ul>   |   | 2    |          |
| <ul style="list-style-type: none"> <li>• Правильно определяет принцип построения одной из двух серий. Аргументация недостаточная</li> </ul>  |   | 1    |          |
| <ul style="list-style-type: none"> <li>• Неточное определение принципов. Аргументация недостаточная</li> <li>Отсутствует</li> </ul>  |   | 0    |          |
| <b>Уровень 5 :Синтез. Максимальный балл: 5</b>   |   |      |          |
|  | Критерии  | балл | Ваш балл |
| Студент придумал игру, в которой   | есть интересный сюжет, учтены и корректно представлены обе закономерности: а) поэтапного усложнения форм речи и б) убывания энергоёмкости фонем | 5    |          |
|  | учтены и корректно представлены обе закономерности (а,б)), но нет интересного сюжета  | 4    |          |
|  | есть интересный сюжет и учтена и корректно представлена одна из закономерностей ( а)\б))  | 3    |          |
|  | есть интересный сюжет и попытка учесть одну или две закономерности  | 2    |          |
|  | нет интересного сюжета и закономерности а) поэтапного усложнения форм речи и б) убывания энергоёмкости фонем, - представлены некорректно        | 1    |          |
|  | В работе не представлен ни один из критериев  | 0    |          |

### Оценка работы на практическом занятии

| Перевод заработанных баллов в оценку проводится по константе Ингенкампа: 0-49% - менее 11 баллов - допороговый уровень, - незачет | Уровень по таксономии Б.Блума | Количество заданий | Макс. балл |
|---|-------------------------------|--------------------|------------|
| 11-16 баллов - 50%-74% - допустимый уровень усвоения темы, оценка «удовлетворительно»   | Знание                        | 2                  | 2 (1+1)    |
| 17-19 баллов - 75%- 89% - оптимальный уровень усвоения темы, оценка «хорошо»  | Понимание                     | 1                  | 2          |
| 20-22 балла - 90%-100% - высокий уровень усвоения темы, оценка «отлично»  | Применение                    | 1                  | 3          |
|   | Анализ                        | 1                  | 4          |
|   | Синтез                        | 1                  | 5          |
|   | Оценка                        | 1                  | 6          |
|   |                               |                    | 22         |

Надеемся, что приведенные в статье примеры использования интерактивных технологий заинтересуют преподавателей и студентов и займут своё место в учебном процессе.

1 С.Т.Каргин В.В.Боброва. Мотивационно-личностный компонент педагога, как направление преемственности в работе с детьми, испытывающими трудности при усвоении программного материала образовательного учреждения. Хабаровск\Вестник. Серия «Специальная педагогика» № 3(46) 2016 г., С.25-30

2 И.А.Денисова. Педагогическая диагностика учебных достижений в области языковых знаний, умений и навыков обучающихся с особыми образовательными потребностями. Хабаровск\Вестник. Серия «Специальная педагогика» № 3(46) 2016 г, С.102-110.

#### Түйіндеме

#### Дефектологиялық ғылымдарды оқытудың интерактивтік әдістерді қолдануы

И.А. Денисова – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың аға оқытушы

Жоғары білімнің мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес, бакалавр дефектологтар жасай алуы қажет

- Тұтас педагогикалық үрдісті инновациялық технологияларды қолдану
- Ақпараттық барлық түрімен жұмыс жасай алу
- Қажетті мәліметтерді өз бетімен іздеп, іріктеу жасап, талдау
- Оны ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау және жеткізу

Мақала жоғарыда аталған метакогнитивті дағдыларды қалыптастыруы интерактивті технологияларды қолданудың мысалдарын.

**Түйін сөздер:** интерактив, бакалавр, үлгісі және оқыту нысанын

#### Summary

#### Training methods in Special pedagogics' teaching

Denisova I. A. - senior lecturer of department of vocational education/ KazNPU named after Abai

[irenadenisova@mail.ru](mailto:irenadenisova@mail.ru)

According to the operating Educational Standard on the higher education, the bachelor of defectology shall be able:

- 1) to apply innovative technologies in complete pedagogical process;
- 2) to work with all types of information;
- 3) to be able to look for, analyze and select independently necessary information,
- 4) to organize, transform, keep and transfer her.

Article contains the description of examples of use of interactive technologies for forming of the listed above metacognitive skills

**keywords:** interactive, bachelor, models and forms of education

УДК: 376.2

## ҚАЗАҚСТАНДА ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ ТӨМЕН БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ

**Р.Н. Серкебаева** – КММ Есту қабілеті төмен балаларға арналған №5 арнайы (түзету) мектеп-интернатының директоры

**М.С. Махадилова** – Абай атындағы Қаз ҰПУ-дің 6М010500 «Дефектология» мамандығының 2-курс магистранты, [makpal\\_12\\_91@mail.ru](mailto:makpal_12_91@mail.ru)

**Ғылыми жетекші: А.Н. Аутаева** – доцент, психология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ, арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі, [akbota-n@mail.ru](mailto:akbota-n@mail.ru)



Мақалада Қазақстандағы есту қабілеті төмен балаларға арналған арнайы білім беру жүйесінің даму тарихы қарастырылған. Сонымен қатар арнайы білім беру ұйымдарының ашылған уақыты, даму шарттары, базасы анықталған

**Түйін сөздер:** арнайы білім беру, арнайы (түзету) мектеп-интернаты, сурдопедагогика, есту қабілеті төмен бала, дамудың жақын аймағы, арнайы білім беру бағдарламалар.

### Осы мақала бойынша қолданылатын анықтамалар:

**Кемтар бала** - белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар)

**Нашар еститін балалар** - естуінің төмендігі өзбетінше және сөзді толығымен өз тұрғысында игерулеріне кедергі жасайды, бірақ аз болса да естуінің арқасында өте шектелген сөздік қорын сақтап қалу мүмкіндігі бар балалар.

**Есту қабілеті төмен балаларға арналған мектеп интернат** - есту қабілеті төмен балаларға арнайы білім беруді ұйымдастыратын мекеме. Есту қабілеті төмен балаларға естіп қабылдауын дамыту, еріннен оқуға дағдыландыру жұмыстары өте маңызды.

**Арнаулы білім беру ұйымдары** - кемтар балалардың диагностикасы және консультациялар алуы, оларды оқыту мен тәрбиелеу үшін құрылған ұйымдар: психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, балалар бақшалары, мектептер жанындағы логопедтік пункттер және басқа да ұйымдар.

**Сурдопедагогика** - есту кемістіктері бар балаларды тәрбиелеу және оқыту туралы ғылым, дефектологияның бөлімі.

**Сабақ** - оқушылардың тұрақты құрамымен оқыту бағдарламасы бойынша жүргізілетін, оқытудың жекелеген мақсатына жетуді көздейтін, мектептегі оқыту үрдісінің негізгі ұйымдастырушылық бірлігі.

**Тәрбие процесі** - ұжымды дамытумен, қалыптастыруға бағытталған тәрбиеші мен тәрбиеленушінің мақсатты және өзара байланысты қызметі.

**Педагогикалық тексеру** - тиісті жастағы балаларға арналған жас нормативтерін ескере отырып, балалардың ақыл-ой жағынан даму ерекшеліктерін және олардың ойын ойнауға, білім алу мен қарым-қатынас жасауға әлеуеттік мүмкіндіктерін анықтау;

**Арнаулы білім беру бағдарламалары** - кемтар балаларды оқытуға арналған бағдарламалар. **Дамудың жақын аймағы** - баланы тәрбиелеп оқыту, оған білім беріп, дүниетанымын қалыптастыру үнемі оның табиғи даму деңгейінен оздырып отыруды талап етеді. Баланың табиғи дамуында оның психикасы күрделеніп, сана-сезімі жетілетін болса, ал оқу-тәрбие жұмыстары арқылы оның дүниетанымы мен білімінің шеңбері кеңейеді.

Қазақстан Республикасында мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арнайы білім берудің өзіндік тарихы бар. Тарихи деректер біздің елімізде арнайы білім беру жүйесі қалыптасып, дамуын нақты көрсеткіштермен сипаттайды. Қазіргі арнайы білім берудің дамуы ерекше белгілермен тенденцияларының анықталуын, әр түрлі уақыт кезеңдерінің карама-қайшы жақтарын анықтау және дамуында ауытқуы бар балаларға дәстүрлі емес формада көмек көрсету, қоғамдық тәрбиелеуге сәйкес шарттар құруды қамтиды.

Ұлы қазан төңкерісінен кейінгі уақытта Қазақстанда ауытқуы бар балалардың көбеюі қаты байқалды. Азамат соғысы, ашаршылық, эпидемия және т.б. айғақты себептердің соның ішінде: жеткілікті жағдайда мектептер жүйесі, педагог кадрлардың жетіспеуі салдарынан елімізде кемістігі бар балалар, бұзақылар, қайыршылар көбейіп кетті. [1]

Бұл мәселелерді шешу, яғни ауытқушылығы бар балаларды есепке алу және арнайы көмек көрсету қиын жағдайда болды, себебі Қазақстанда бұл бағытта жұмыс істеу тәжірибесі болмаған. Төңкеріске дейін Қазақстанда ауытқуы бар балаларды мемлекет тарапынан қамқорлыққа алу арнайы ұйымдастырылмаған. Алайда ағартушы тұлғалардың ауытқуы бар балалардың проблемасына көңіл бөлгенін теріске шығаруға болмайды. Ауытқуы бар балаларға жеке ұйымдастырылған көмек түрлері болды. Кемістігі бар балаларды және ересектерді оқыту және тәрбиелеу тәжірибесі есепке алынған жоқ. 1918 жылы Совет Одағында алғашқы І-ші Декрет қабылданды. Декретте Мемлекет аномальді балаларды өз қол астына алатыны жайында мәлімдеді.

1919 жылы желтоқсан айында В.И. Ленин қол қоюымен халық комиссариатының қызметі естімейтін, көрсейтін, зияты зақымдалған жүйке жүйесі және психикалық дамуы тежелген балалардың мәселелерін шешуге бағыттталатынын жариялайды.

Қазақстанда ғылыммен ағартушылықтың дамуына сол кезеңнің белсенді данышпандары Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, т.б. мүмкіндік туғызды. 1920 жылы А.Байтұрсынов КазАКСР де Қазақстанда аномальді балаларға арнайы мектеп интернаттың ашылатынын жариялады.

Қазақстанда ауытқушылықтың алдын алуға байланысты міндеттерді шешуде 1921 жылы 25 мамырда Орынборда ұлттық ағартушылық конференцияның маңызы зор болды. Конференцияға 100 ден аса адам қатысты. Бұл конференцияда ең бірінші рет дамуында ауытқуы бар балаларға арналған жұмыстарды ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінді. Балалар үйіне қабылданатын балаларды тексеру проблемалары, оларды оқыту, тәрбие беретін мекемелерден ажырату, ауытқуы бар балаларды еңбекке даярлау, мектеп тәрбиесінің өзара байланыстары бойынша мәселелер қарастырылды. Конференцияда шешілетін сұрақтар арнайы білім беру жүйесін әзірлеуде дұрыс жолда екенін көрсетті. Конференция бағдарламасы бойынша оқылып-талқыланған баяндамалар: «Ауытқуы бар балаларды тәрбиелеу», «Балалар үйіндегі дәрігердің қызметі», «Музыка пәні арқылы эстетикалық тәрбиелеу», «Ауытқуы бар балалармен жүргізілетін жұмыс» және т.б. [1,2]

Балалар мен жеткіншектердің еңбек қызметінің негізінде тәрбие үрдісін құрастыру, бөлек, ажырата, білім беруге байланысты сұрақтар өз уақытында және дұрыс көтеріліп отырды. Балалардың ауытқуына байланысты күрес балалар арасындағы қылмыс пен панасыздықтың алдын алумен қатар жүреді. Мекемелердің көп түрі: балалар үйі, панасыз балаларға арналған колониялар, жас заң бұзушыларға арналған тәрбие беру түзету пунктері ашылды. Ал ауытқуы бар балаларға арналған мамандандырылған мекемелер біздің Республикамызда өте баяу дамыды.

1921 жылы Орынборда ең алғаш рет ақыл-ойы кем және естімейтін-сөйлемейтін тұлғаларға арналған балалар үйі ашылды. Орал қаласында Олар ауытқуы бар балаларға қажет мекемелермен қамтамасыз ете алмаса да, дегенмен бұл Республикада арнайы білім беру жүйесі дамуының маңызды бөлігі болып табылады. Ол кездерде дамында ауытқуы бар балаларды ашаршылықтан, әр түрлі аурудан қорғау және жақсы ортада дамуына көмектесу маңызды болды.

1923-1924 жылдары аралығында ақыл ойы кем балалар үйінде қол еңбекті қалыптастырып дамытатын бөлмелер ашыла бастады. Балалар үйіндегі жұмыстар ГУСА бағдарламасына сай жүргізілді.

1925-1930 жылдар аралығында елімізде кемістігі бар балалар шет елдерде тәрбиеленді. Өз елімізде қалған балалар жалпы білім беретін мектептерді білім алып, тәрбиеленді.

1926-1929 жылдар аралығында есту қабілеті нашар балаларға арналған мектеп-интернаттың мүмғалімдерінің арасында конференциялар өткізіп тұрды.

1927 жылы РСФСР де «Жалпыға міндетті білім беруді енгізу тәртібі» Халық Комиссарларының Кеңесінде талқыланды. Екінші дүниежүзілік соғыстың салдары өмірдегі ең жоғары құндылық - адам өмірі мен амандығы екенін көрсетті.

Сол кезде 1948 жылдан бастап “Адам құқықтарының Жалпы Декларациясы” қабылдағаннан кейін бүкіл әлем адамгершілік бағытын көздейтін халықаралық құқықтық құжаттарға сәйкес құра бастады.

1934 жылы естімейтін балалар саны-50 болса, 1936 жылдары-65, 1937 жылы -100 бала болды. Қазақстанда естімейтін балаларды тіркеуге алу барысында олардың жалпы саны 3000 (үш мың)мыңға жеткен. Алматы қаласы бойынша 100 есту қабілеті төмен бала тіркелген. 1932 жылы елімізде «Қазақ естімейтіндер қоғамы» құрылды. Қазақстанда 1933-1934 жылдар аралығында жалпыға міндетті 4 жылдық білім беру жүйесі енгізілді.

1938 жылы мектептің мұғалімдері мен жетекшілері аттестациядан өтті мұғалімдердің жеке құжаттары тексеріліп сипаттама берілді.

1941 жылы біздің елге Одесса, Харьков, Ростов-на Дону, Москва облысынан аномальді балалар эшелонмен келді. Олар әр қаладағы арнайы мектептерге орналастырылды.

1944-45жылдары арнайы мектептерге арналған оқу бағдарламалары құрастырылды.

1949 жылы КАЗ ССР де естімейтін балалардың мектебін дифференциациялауға қатысты № 81 бұйрық шығарылды. Естімейтін балалар мектебінде нашар еститін және естімейтін топтар байқала бастады.

1959 жылы Қазақстанда аналогтік Заң қабылданды. 7-16 жастағы балалардың жалпыға міндетті білім алуы, аномальді балалардың еңбекпен қамтылуы қарастырылды.

1946-1970 жылдар біздің Республикамызда ауытқуы бар балаларға арналған алғашқы сапалы арнайы мектептердің құрылу жылдары болды,себебі арнайы мекемелер жүйесінің кеңеюімен бірге дамуында әр түрлі кемістігі бар балаларға арналған мектептердің тереңдетілуімен кемістіктің түріне сәйкес бөліп оқыту мәселелері шешіліп, ауытқуы бар балаларды қоғамда өмір сүруі мен еңбекке даярлау, оқыту мазмұнын әзірлеу жолдарын іздестірді. 1970 жылдары елімізде 50 мектеп интернат жұмыс істеді. [3,4]

1960 жылдың қазан айында Кеңес Министрлігі «зияты зақымдалған, есту қабілеті төмен, көрмейтін балаларға арналған мектептер жұмысы мен жағдайын жақсарту туралы» жарлық шығарды. 1956-1960 жылы Республикада мектеп жасындағы 1190 ақыл-ойы кем бала, 620 естімейтін 209 көрмейтін бала білім алды. Отандық арнайы білім беру жүйесінің даму тарихын талдау көрсеткендей, өткен ғасырдың 70-жылдарына дейін кемістігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу, оларды түзету мен бейімдеу мәселелеріне арналған ғылыми жұмыстар өткізілмеді, оның негізгі себептерінің бірі Республикада дефектолог мамандар дайындау сол кезге дейін ұйымдаспаған.[5]

1960-1970 жылдарда республикада арнайы мектептер саны көбейді. Олардың саны 1960 жылы-20 болса, 1970 жылы- 49 ға жетті. Материалдық база жақсара бастады. Мектептерде дефектолог кадрлар жұмыс істей бастады.

1969-1979 жылдар арасында арнайы мектептерде 1657 мұғалім-тәрбиеші жұмыс істеді. Оның ішінде 607 адамда жоғары педагогикалық білімі, 86- адамда жоғары дефектологиялық білім, 78 мұғалім сырттай бөлімде оқып жатты. [6,7]

1978 жылы Қазақстанда Алматы қаласында Бүкіл Одақтық Педагогикалық семинар өтті. Семинар барысында 15 баяндама оқылып талқыланды.

1985 жылы Алматы қаласында арнайы мектептің директорларының арасында семинар өтті. Семинар барысында балалардың еңбекпен қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды.

2002 жылы дамуында ауытқуы бар балалар саны 120 мың болса, 2009 жылы-149246 жетті.

2011-2020 жылғы ҚР Білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасына сай инклюзивті білім беру мәселелері қарастырылды.

Арнайы мектептер мен интернаттар – 24 сағаттық жұмыс жасайтын білім беру мекемелері болып табылады.Бұл мекемелер мүмкіншілігі шектеулі балалардың білім алып, қоғамға үйренуіне және өздеріне қызмет көрсетуге үйретуімен қатар, олардың отбасыларын көмек көрсету мақсатында да жұмыс жасайды.Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланған.

Қазақстандағы есту қабілеті төмен балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттар тізімі, бала саны, орналасқан қаласы төменгі кестеде көрсетілген.

Кесте -1. Қазақстан Республикасы бойынша есту қабілеті төмен балаларға арналған арнайы(түзету) мектеп-интернаттарының талдануы

| №  | Мектеп-интернат аты  | Орналасқан қаласы | Контингент (бала саны) |
|----|--|-------------------|------------------------|
| 1  | Есту қабілеті нашар балаларға (естімейтін балаларға) арналған №1 арнайы (түзету) мектеп интернаты. | Алматы            | 147                    |
| 2  | Есту қабілеті төмен балаларға арналған №5 арнайы (түзету) мектеп-интернаты                         | Алматы            | 230                    |
| 3  | Облыстық нашар еститін және естімейтін балаларға арналған арнаулы мектеп-интернаты.                | Талдықорған       | 140                    |
| 4  | Облыстық нашар еститін және естімейтін балаларға арналған арнайы «Мейірім» мектеп-интернаты.       | Тараз             | 156                    |
| 5  | Нашар еститін балаларға арналған мектеп-интернаты»   | Шымкент           | 90                     |
| 6  | №1 саңыраубалалардың мектеп-интернаты  | Шымкент           | 206                    |
| 7  | Естімейтін балаларға арналған №2 мектеп интернаты.   | Шымкент           | 120                    |
| 8  | Құлағы нашар еститін балалар үшін Ленгір қосалқы мектеп интернаты                                  | Ленгір            | 45                     |
| 9  | №6 нашар еститін балаларға арналған мектеп-интернаты   | Қызылорда         | 88                     |
| 10 | Облыстық есту қабілеті зақымдалған балаларға арналған №1 арнайы (түзету) мектеп-интернаты.         | Атырау            | 61                     |
| 11 | Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған №4 мектеп -балабақша арнайы комплекс.                    | Ақтау             | 50                     |
| 12 | Облыстық есту қабілеті төмен балаларға арналған №4 арнайы (түзету) мектеп-интернаты.               | Ақтөбе            | 90                     |
| 13 | Облыстық есту қабілеті төмен балаларға арналған арнайы (түзету) мектеп-интернаты.                  | Орал              | 119                    |
| 14 | №4 нашар еститін балаларға арналған мектеп интернаты.  | Семей             | 169                    |
| 15 | Саңырау балаларға арналған мектеп-интернаты  | Семей             | 126                    |
| 16 | №2 есту қабілеті және сөйлеу тілі зақымдалған балаларға арналған мектеп-интернаты                  | Зыряновск         | 52                     |
| 17 | Есту қабілеті төмен балаларға арналған арнайы мектеп-интернаты                                     | Қарағанды         | 200                    |
| 18 | Қостанай облыстық №3 есту қабілеті және көру қабілеті төмен балаларға мектеп-интернаты             | Қостанай          | 120                    |
| 19 | Облыстық естужәне тіл кемістігі бар балаларға арналған №4 арнайы түзету мектеп-интернаты           | Көкшетау          | 112                    |
| 20 | №1 естімейтін және нашар еститін балаларға арналған мектеп-интернаты.                              | Павлодар          | 92                     |
| 21 | Облыстық есту қабілеті төмен балаларға арналған арнайы (түзету) мектеп-интернаты.                  | Петропавл         | 89                     |

Қазақстан Республикасы бойынша есту қабілеті төмен балаларға арналған арнайы (түзету) мектеп-интернаттарына сипаттама:

Алматы қаласында есту қабілеті нашар балаларға (естімейтін балаларға) арналған №1 арнайы (түзету) мектеп интернаты.

Қазақстандағы ең алдыңғы қатарлы түзету мекемелерінің бірі болып табылады.

Алғаш рет 1931 жылы мектеп «Саңырау балаларды оқыту институты» ретінде ұйымдастырылып өз жұмысын бастады. 1945 жылы мектеп «Саңырау балаларға арналған мектеп» болып өзгертілді.

Алғашқы директоры И.Л.Чмутов болды. 1935 жылы Н.И.Людина директорлыққа ауысты.

1964 жылы «Саңырау балаларға арналған мектеп-интернатқа» жаңа ғимарат берілген және қазіргі таңда сол ғимаратта мектеп-интернат жұмысын жалғастыруда. Ұзақ жылдар бойы мектеп интернатта оқушылар Қазақстанның түкпір-түкпірен келіп білім алған. Оқушылар саны 365 ке дейін жеткен. Республиканың ірі қалаларында, облыс орталықтарында есту қабілеті төмен балаларға арналған арнайы мекемелелердің ашылуына байланысты бала саны қысқара бастаған. Сондықтан есту қабілеті төмен балалардың өз жан-ұясына жақын оқу мекемелерінде білім алу мүмкіндігі туған.

1964-2007 жылдары мектеп-интернатта бір оқу корпусы, оның үшінші қабатында орналасқан жатын бөлмелері мен бөлек тұрған екі қабатты оқу шеберханасы бар ғимарат болған. Оқушыларға қолайлы жағдай жасау үшін, уақыт өте келе мектепте өзгерістер мен қайта құрылыс жөндеу жұмыстары жүргізіліп отырған.

2007 жылы ақпанда мектепке Алматы қаласының әкімі И.Н.Тасмағамбетов келді. Мұғалімдердің сабақтарына қатысып, оқушылар мен педагогикалық ұжыммен танысты.

Естімейтін балалардың алғашқы жылдары, дамуында күрделі және қиын жолдарды басынан өткізді. Ал қазіргі кезде естімейтін балалардың мектеп-интернаты мықты материалдық базасы бар, өздерінің оқу корпусы, жатақханалары, жаңа заманға сай құралдары, есту аппараттары және басқа да құралдармен қамтамасыздандырылған. Арнайы мектепте жүргізетін тәрбие жұмыстары балалардың жеке ерекшеліктерін танып білуден басталады. Естімейтін және нашар еститін балалардың конденсаторлық мүмкіндіктеріне байланысты.

Арнайы мектеп педагогикалық ұжымдар, балалардан қоғамға деген қажеттілігін тәрбиелеуге бағытталған. Естімейтін және нашар еститін балаларды еңбекке тәрбиелеу басты мақсат болып табылады. Бастауыш сыныптарынан бастап, балалар өздерінше қызмет етеді: дене шынықтыру, төсектерін жинайды, сыныпта кезекшілік атқарады. Кейіннен өзіне қызмет ету қиындатылады: еден жуады, асханада кезекшілік атқарады, ыдыс жуады, мектеп ауласын тазартады.

*Алматы қаласындағы есту қабілеті төмен балаларға арналған № 5 арнайы (түзету) мектеп интернаты* 1966 жылы ашылған.

Осы уақытқа дейін мектеп интернатты басқарған директорлар:

1. Салимбаев А.С.,
2. Васильева С.Д.,
3. Оразбаева Б.Д.,
4. Кадирова С.К.,
5. Олейник Т.Б.,
6. Серкебаева Р.Н.

Алғашқы кезеңде оқу тек орыс тілінде ғана жүргізілген. 2009 жылы қыркүйек айында алғашқы қазақ сыныбы ашылды. Алғашқы қазақ сыныбының жетекшісі Барашева Аида Жанғалиевна болған. Күрделі кемістігі бар балаларға арналған көмекші сыныптар бар. Ол сыныпта балалар 1-9 сыныпқа дейін білім алады. Сыныптардағы балалар саны 6-дан, 12-ге дейін жетеді. Мектепте сабақтар бірінші ауысымда өтеді, ал екінші ауысымда сабақтан тыс жұмыстар, тәрбие сабақтарымен жалғасады.

Мектеп-интернатта білім берудің екі бағыты бар. Олар: фронтальді сабақтар мен сурдопедагогпен бірге жеке сабақтар. Мектеп интернатта 30 педагог жоғары санатты, 7 педагог «ҚР Білім беру үздіктері», 11 бастауыш сынып мұғалімі, 25 дефектолог мамандары жұмыс істейді. Мектеп сыныптары дыбыс күшейткіш аппараттармен, компьютерлік сыныптармен жабдықталған. Қазіргі таңда мектеп-интернатта жеке есту аппараттары бар, кохлеарлы имплантты оқушылар білім алуда.

Мектеп-интернат Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетімен тығыз байланыста жұмыс жасауда.

2013 жылы №5 мектеп интернатқа Германияның Гумбольдт Университетінен аудиопедагогика кафедрасынан профессор Людмила Хоппе –өз студенттерімен келіп тәжірибе алмасып қайтты.

2014 жылы Польшаның Варшава қаласынан Мария Гжегожевский атындағы Академиядан профессор Ева Мария Кулеша келіп ашық сабақтарға қатысып, мектеп өмірімен танысып қайтты.

2015 жылы Польшаның Варшава қаласындағы Мария Гжегожевский атындағы Академиядан профессор Аль-Хамисы Данута сынды профессор өз студенттерімен келіп ашық сабақтарға қатысып, мектеп өмірімен танысып кетті.

Мектеп интернаттың оқушылары дәстүрлі жыл сайын ұйымдастырылатын Республикалық ерекше қамқорлықты қажет ететін балалардың шығармашылығын қолдау мақсатында «Жұлдызай», «Мейірім» фестивалінің, спорттық ойындарынан жарыстарына қатысып жүлделі орындарға ие

болған. Метептегі нашар еститін балалардан құрылған футбол командасы Словакия мемлекетіндегі футболдан жарысқа қатысып 1-ші орынға ие болған. Мектеп интернатының оқушылары 2000 жылы АҚШ мемлекетінің Аляска штатында Халықаралық Олимпиядалық «Спешил Олимпикс» жарыстарына қатысқан.

*Павлодар қаласындағы № 1 естімейтін және нашар еститін балаларға арналған мектеп-интернаты.*

Педагогикалық ұжымда 58 адам, оның ішінде 7 бастауыш сынып мұғалімі, 27 пән мұғалімдері, 22 тәрбиеші жұмыс жасайды. Жоғары санатты-20 адам, бірінші санатты-16 адам бар. Педагогтардың орта жасы- 44 жас, бұл жұмысқа қабілетті, мобильді жас, кәсіби тәжірибелерінің көрсеткіші, бұл кезегінде арнайы мектеп жағдайында тиімді жұмыс істеудің негізі болып табылады. Оқушылар құрамы Павлодар облысы бойынша есту қабілеті бұзылған балаларды қамтиды (диагнозы: нейросенсорлы естімеушілік). Жалпы оқушылар саны- 92 бала.

Сыныптар жиынтығының толымдығы нормативтік, типтік ережелерге сәйкес келеді (8 адам). Педагогикалық ұжым тәрбиелеу-білім беру қызметіне ізденіспен келіп, білім беру мекемесінің моделін жасап шығарды, ол мектеп міндеттері мен мәселелеріне байланысты өзгеріп отырады. Мектеп 7-әдістемелік бірлестік бойынша жұмыс істейді:

1. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ӘБ;
2. Гуманитарлық бағытының ӘБ;
3. Тәрбиешілердің ӘБ;
4. Табиғи-математикалық бағытының ӘБ;
5. Арнаулы пәндер мұғалімінің ӘБ;
6. Мектепке дейінгі бөлімінің ӘБ.

*Қарағанды қаласында орналасқан Есту қабілеті төмен балаларға арналған арнайы мектеп-интернатында* 200 есту қабілеті төмен балалар білім алуда. Қарағанды облысында құлағының кемістігі бар 1500 адам тұрады. Елде олардың саны 150 мыңнан асады. Естімейтін балалар — 11 жыл, ал құлағы нашар еститіндер — 12 жыл уақытын осында өткізеді. Қарағандылық жүзгіштер жазда Қазақстан чемпионатынан жалпыкомандалық есепте бірінші орын алып қайтты. Олар күн сайын үш сағаттан жаттығады. Бір сағат - «құрғақ залда», екі сағат - «суда». Саша 17 жаста, ол «өте қайырымды, бірақ ол жауынгер емес», дейді ол туралы қарағандылық команданың бапкері Светлана Кучина. Бассейнге үлкен жетістікке жету үшін емес, өзгелермен «араласу үшін» барады. Ал негізі көп нәрсе қол жеткізген болар еді... Ал негізі Витя — командадағы үздіктердің бірі. Спорт шеберлігіне кандидат. Жақында Португалияға әлем чемпионатына барып қайтты. Рас, онда 6-шы орын алды. Бірақ спортшы алғаш рет сырт елге үлкен жарысқа шыққан еді. Оған қоса, барлық үлкен жарыстар 50-метрлік бассейндерде өтетіндігі, ал қарағандылық команданың жаттығатыны 25-метрлік қана бассейн екендігі де осындайда қатты білінді. Дені сау адамдарға қарағанда есту қабілетінде мүкісі бар спортшылардың жаңа жағдайға бейімделуі қиындау.

*Тараз қаласында орналасқан Облыстық нашар еститін және естімейтін балаларға арналған арнайы «Мейірім» мектеп-интернатында* бүгінгі таңда бұл мектеп-интернатта 156 ерекше бала білім алуда. Олардың дені — 4 жастан бастап балабақша тобына қабылданса, сондай-ақ мектепке даярлық сыныбынан бастап 10 сыныпқа дейін білім нәрімен сусындап, орта білімнің куәлігімен шығады. Мұнда әр сынып өз ерекшелігіне орай топтастырылған құлағы мүлде естімейтін балғындар 8-ден, нашар еститіндер 12 баладан бір сыныпта оқиды екен.

Ең алдымен, саңыраулар арасында қарым-қатынас қалай жасалады? Олар өзара қалай түсініседі деген сұраққа жауап іздеп көрелік. Бұрындары көптеген ғасырлар бойы саңырау адамдар қоғамдық қысым, шеттету әрекеттеріне ұшырап, тіпті, кейде осы табиғи кемшілігі үшін құрбан болып кеткендер де ара-тұра кездесіп жататын. Алайда, XVI ғасырда италияндық дәрігер Джером Кардан есту қабілетінен айырылғандарға қандай да бір ортақ белгілер арқылы ойды жеткізуге болатынын дәлелдеді. Осылайша, XVII ғасырда Шарль де Лепи қол және саусақтар көмегімен тұтас ойды түсіндіруге мүмкіндік берген әліпби құрастырды. Зерттеу қорытындыларын жинастыра отырып, 1965 жылы 300 ден астам ыммен көрсетілетін сөздер болса, 1975 жылғы сөздікте олардың саны 1500-ге артты. Мәскеу қаласында мүмкіндігі шектеулі балалардың арасында өткен «Аудио исток» сурет байқауына 40 баланың суреті жіберілді. Солардың арасынан Қанат Әбдіраимов 1 орын, Бағжан Садығалиев 3 орын иеленіп келді.

*Шымкент қаласында орналасқан Естімейтін балаларға арналған №2 мектеп интернатында* 120 бала білім алады. Оның 21-не кохлеарлық имплант орнатылған, яғни олар дыбыс естиді. Ота



жасатқан бала әлбетте өзгереді. Тынымсыз қалыпқа енеді. Бұл түсінікті де, себебі бала түрлі дыбыстарды естиді, өз ойына сыйдыра алмайды. Ал біз сурдопедагогтар оларды үйретуіміз керек. Тілсіз дыбыстарды ажыратып, айыруына дағдыландыруымыз керек. Мысалы, телефонның қоңырауы, сиырдың мөңірегені, адамның жөтелгені сияқты дыбыссыз белгілерді жаттап алулары тиіс. Ал сойлеу жағын, әрине, логопед мамандар шешеді. Бұрын ата-аналар балаларын апталап, айлап Алматыға алып кететін. Имплант жұмысын жүйелеу бойынша. Ал мына орталықтың ашылғаны тым жақсы болды. Енді бала мектеп бағдарламасынан қалмай білім алып, сабақтан қол үзбейтін болды.

*Қызылорда қаласында орналасқан №6 шаһар еститін балаларға арналған мектеп-интернатында* 2002 жылы ашылған. Мектеп-интернатта 89 бала білім алуда. Сабақ бағдарламасы мен кестесі негізгі мектептегімен бірдей. 30 мұғалім және 18 тәрбиеші қызмет етуде.

*Орал Облыстық есту және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы мектеп-интернат кешені* 1938 жылы құрылды.

Мекеме директоры: Құмарғалиева Жанылғаным Дүйсенқызы.

Негізгі міндеттері:

- үздіксіз білім беруді қамтамасыз ету мектепке дейінгі топ-негізгі мектеп-бастапқы бейіндік білім беру;

- есту және сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың дамуын түзету, кохлеарлы импланты бар балалардың есту және сөйлеу қабілетін қалпына келтіру;

- шығармашылық, интеллектуальдық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру;

Оқу ғимаратының жобалық қуаттылығы 200 орын, жатақхана 70 орын.

Қазіргі уақытта мекемеде 119 бала білім алуда, оның ішінде 10 бала мектепке дейінгі дайындық тобында тәрбиеленуде.

Мекемеде мектепке дейінгі топ және кохлеарлы имплантациядан кейінгі балаларға қолдау көрсететін тіл дамыту орталығы бар.

Қорытындылай келе Білім беру жүйесі дегеніміз-сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны. Бала сабақта өзінің өмірден көрген-білгендерін айтып, оны жолдастарымен бірге талқылап отырады. Қарама-қайшы білімдер ойды дамытады. Мұғалімнің жұмыс стилі сыныптағы нақты жағдайға байланысты өзгереді. Мұғалімнің сұрағы мен тапсырмалары біржақты жауаппен шектелмей, оқушыны өз көзқарасын айтуға, өз бағасын беруге итермелейді. Занков жүйесінде оқытуды ұйымдастырудың жетекші нысаны — сабақ. Тек сабақтың дәстүрлі құрылымы өзгереді. Сабақ оқушылардың түсінігіне қиын болып келеді. Осыған сәйкес сабақ жаңа материалды оқудан басталуы мүмкін. Дәстүрлі оқытуда уақыттың көбінде мұғалім сөйлейді. Дамыта оқытуда мұғалім баланың өз ойын, өз бақылауларын, танымын айтуына жағдай жасайды. Сыныптағы "тәртіп" ұғымы өзгереді. Оқушылар жұмыс барысында шулайды, күледі, бір-бірімен әзілдеседі.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сонымен қатар оны әрі қарай шыңдай түседі. Қазақстан Республикасында арнайы білім беру жүйесі ХХ ғасырдағы білім беру жүйесімен салыстыруға келмейді. Себебі, қазіргі таңда білім беру ұйымдары, дефектолог кадрлар мандандырылып, дамыған технологияны пайдаланып сабақтар жүргізуде. Балаларға арналған әр түрлі есту аппараттары, кохлеарлы имплантация арқылы ота жасалып балалардың сөйлеу тілін түзетуге көп көмектерін тигізуде. [7,8]

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бір сарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енгізу қажет. [10]

- 1 Дефектологический словарь Педагогика М 1979 ж
- 2 Намазбаева Ж.И., Запргазев Г.Г., Луцкина Р.К. -Источники развития психологии и дефектологии в Казахстане 2012 ж
- 3 Педагогика словарь 2-х томах М 1959 ж
- 4 Словарь-справочник. «Коррекционная педагогика и специальная психология» /Сост. Н.В.Новотворцева – Москва: 1999.
- 5 Белл А.Г. – Механизмы речи
- 6 Басова А.Г. Очерки по истории сурдопедагогике 1965 ж.
- 7 Ярошевский М.Г. Логика развития науки и научная школа // Школы в науке. М.: Наука, 1977.
- 8 «Білім туралы» ҚР -ның 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 -ІІІ Заңы.
- 9 Инклюзивное образование. Выпуск 1.С.В. Алёхина, Н.Я. Семаго, А.К. Фадина -М.: Центр «Школьная книга», 2010
- 10 Медведев Д.А. Наша новая школа. Национальная образовательная инициатива // Выступление президента РФ на торжественной церемонии открытия Года учителя в России, февраль 2010.

#### Резюме

##### Развитие специального обучения и воспитания детей с нарушением слуха

**Серкебаева Р.Н.** – директор КГУ «Специальная (коррекционная) школа-интернат №5 для детей с нарушениями слуха г. Алматы»

**Махадилова М.С.** - магистрант 2 курса КазНПУ имени Абая

**Аутаева А.Н.** - кандидат психологических наук, доцент КазНПУ имени Абая

В статье рассмотрена история развития системы специального образования для детей с нарушениями слуха в Казахстане. Дата открытия организаций, специального образования, а также условия их развития.

**Ключевые слова:** специальное образование, специальные (коррекционные) школы-интернаты, сурдопедагогика, ребенок с нарушениями слуха, зона ближайшего развития, специальные образовательные программы.

#### Summary

##### The development of special education for children with hearing impaired

**Serkebaeva R.N.** – special (correctional) school № 5 for children with a hearing disorder

**Makhadilova M.S.** – 2<sup>nd</sup> course master specialty of Defectology, KazNPU named after Abai

**Autayeva A.N.** - candidate of psychological Sciences, Professor, head of Department of special education

In article are considered history of development of system of vocational education for children with a hearing disorder in Kazakhstan. Date of opening of vocational education, and also the organizations, the conditions of development revealed base.

**Keywords:** vocational education, special (correctional) schools, a surdopedagogics, the child with a hearing disorder, a zone of the next development, special educational programs.

УДК : 376.-056.26

## ЖАЛПЫ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ДАМУЫМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУЫДАҒЫ БОЛАШАҚ ЛОГОПЕДТЕРДІ ДАЙЫНДАУ

**Г.Б. Ибатова** – Абай атындағы ҚазҰПУ, Педагогика және психология институты,  
2 курс докторанты, Арнайы білім беру кафедрасы, [Ibatova\\_g@mail.ru](mailto:Ibatova_g@mail.ru)

Сөйлеу тілі ақаулықтарының ішіндегі ең көп тараған және күрделі түріне жататыны жалпы сөйлеу тілінің дамуы (ЖСТД) болып саналады. Ондай балалар кешенді психологиялық-педагогикалық қолдауға мұқтаж. Республикамызда ондай балалар әр түрлі арнайы білім беру, түзету мекемелерінде көмек алуға құқылы. Бүгінде, дамуында ауытқуы бар балаларға, олардың ата-аналарына деген қоғамның көзқарасы түбегейлі өзгеруде. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты Қазақстанның бірқатар халықаралық құжаттарға қол қоюы және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдау көрсету туралы» Заңы, 2005ж. оларға қатысты біршама мәселелерді шешуге ықпалын тигізеді. Сонын бірі ретінде, қазіргі білім беру мекемелеріне арнайы тағайындалған мемлекетіміздің маңызды заңдарының бірінде көрсетілгендей инклюзивті білімді дамыту шаралары қолға алынууда. Инклюзивтік білім беру – мектеп жасына дейінгі әр түрлі мұқтаждықтағы даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды дамытуды, мектепке дейінгі білім алуға және дамытуға қол жеткізуді көздейтін кіріктірілген білім беру процесі [1].

**Түйін сөздер:** жалпы сөйлеу тілінің дамуы, кәсіби құзыреттілік, аграмматизм, сөзөзгерту, сөзжасам, сөйлеу тілінің грамматикалық жағы.

Республикада арнайы оқыту саласында біршама жағымды өзгерістердің байқалуымен қатар, осы уақытқа дейін шешуін таба алмай келе жатқан мүмкіндіктері шектеулі балаларды ана тілінде түзете-оқыту, тәрбиелеу мәселесі. Оқыту үрдісін жүргізбес бұрын аталған қазақ тілді балалардың ерекшеліктерін, сөйлеу тілінің ерекшеліктерін зерттеу, анықталған тіл кемістігіне қарай түзету-логопедиялық жұмыс жоспары мен мазмұнын құру қажет. Ол үшін біз «Арнайы білім беру» кафедрасы жанындағы логопедия мамандандырылуында оқитын болашақ мұғалім-логопедтің кәсіби білік, білім дағдыларын теориялық түрде жетілдіріп және тәжірибелік түрде машықтандыруымыз қажет.

Болашақ мұғалім-логопед ретіндегі студенттің бәсекеге қабілеттілігін шарттандыратын көптеген қасиеттердің ішіндегі кәсіби құзыреттілікті интерпретациялауға жүгінеміз. Оның мазмұны білім, біліктілік, кәсіби мотивтердің жиынтығымен, бірқатар қабілеттілікпен, мұғалім-логопед маман тұлғасының болашақ қызметіне тұрақтануымен сипатталады. Бұның барлығы болашақ мұғалім-логопед маманның жаңа көзқарасында, оның әлеуметтік мінез-құлқында, кәсіби саладағы өзіндік іске асыру мүмкіндігін түсінуінде көрініс табады.

Кәсіби міндеттер мен құзыреттілікті қалыптастыруды жалпы сөйлеу тілі дамымаған баланың тіл кемшіліктерін түзету, дамыту, ол тұлғаны тәрбиелеу процесі ретінде де қарастырамыз. Бұл процесс, біріншіден, қажетті білім, біліктілік жүйелерін игереді; екіншіден, өзінің қоғамдағы орнын ескере отырып болашақ мұғалім-логопедтің кәсіби қызмет тәжірибесін игереді; үшіншіден, өзіндік айқында-луға, өзіндік дамуға және шығармашылық қызметті жүзеге асыруға мүмкіндігі бар.

Студенттің кәсіби құзыреттілігі ЖОО қалыптасады. Сол себепті де ЖОО студенттің кәсіби біліктілігін жан-жақты дамытудың түрлі тәсілдерін қарастыра отырып, қолдану қажет.

Соңғы кезде мектепке дейінгі жастағылардың арасында жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) балалардың саны көбеюде.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған (ЖСТД) қазақ тілді мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту қазіргі кездегі логопедияның өзекті де, күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Ондай балалармен түзету-педагогикалық жұмысты тиімді, ұтымды ұйымдастыру қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін ескере отырып, жүйеленген жұмыс мазмұнын және тәсілдерін анықтаумен тығыз байланысты. Өкінішке орай, осы уақытқа дейін ЖСТД балалардың сөйлеу тілінің, атап айтсақ, грамматикалық жағын анықтауға бағытталған арнайы зерттеулер Қазақстанда жеткіліксіз, жоқтың қасы десек те болады.

Кез келген тіл иесі- адам, тіл арқылы бір – бірімен пікір алысады, өзара түсініседі. Қоғамдық іс-шараларды тындыру үшін адамдардың бірлесіп күш жұмсауына дәнекер ортақ тіл болуының маңызы ерекше. Ондай тіл халықтың – ана тілі.

Қазақ тілі мәдениетіміз бен әдебиетіміздің өркендеуіне елеулі үлесін қосып келеді. Қазіргі уақытта қазақ тілі бай тілге айналды. Соңғы жылдары қазақ тілі өз құқығына жалпы енгенімен, оны толық қолдану мәселесі шешілген жоқ.

Мұндай жағдайда мектеп жасына дейінгі балаларда бай, грамматикалық жағынын дұрыс құрастырылған ауызша сөйлеуін дамыту қажеттілігі туады. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың өзінен бастап ана тілін, оның әр алуан өмірлік қызметін ғылыми негізде танытудың қажеттілігі мақсатты түрде алға қойылып отыр.

Себебі жастайынан бастап ана тіліне деген сүйіспеншілік барлық өмір барысында тұлғаның дамуына өз әсерін тигізеді. Бала ана тілін неғұрлым ерте шақтан естіп, ана сүтімен сіңірсе, соғұрлым қазақ халқының рухани, мәдени құндылықтарына жол ашады.

Ана тілін жақсы меңгерген баланың ғана көркем әдебиетімізді қызыға оқуға, адамдармен сыпайы қарым-қатынас жасап, тіл табысуға деген бейімділігі қалыптасады. Яғни баланың мәдени өрісі қоғамға сай бола түседі.

Баланың жан – жақты дамуына апарар бірден-бір жол - сөйлеу тілді жетік меңгеру.

Мектепке дейінгі жаста сөйлеу тілі дұрыс дамып келе жатқан балалар мектепке барарда қажетті сөз қоры мен грамматикалық түрлерді меңгереді. Алайда, жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларда бұл үрдістер тежеліп, сапа жағынан басқа көрініс алады.

Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балаларда фонетикалық, фонематикалық, әсіресе лексикалық-грамматикалық жақтардың кемістіктері басқа психикалық үрдістердің қалыптасуына кері әсер етеді.

Жалпы көрсетілген ерекшеліктер сөйлеу тілі жетілмеген балаларға тән болып, әр түрлі авторлармен зерттелген, олар Р.Е.Левина [2], Н.А. Чевелева [3], И.Т. Власенко, 1988, Н.С. Жукова, Е.М.Маслякова, Т.Б.Чиркина, Т.В.Туманова, 2005 [4], Т.Б. Филичева, 1990 [5] т.с.с.

Аталған балалармен түзете-тәрбиелеу жұмысын ұйымдастыру мәселелерін ашатын бірқатар зерттеулер де бар (Л.Ф. Спирова [5], Г.А. Каше, Н. А. Никашина, Л.В. Мелехова, Г.В. Туманова [6]).

Сонымен, балалардың сөзжасам мәселесіне XVII- XIX ғ. өзінде Ресейде үлкен қызығушылық пайда болды. Қазіргі уақытқа дейін бұл мәселеге деген қызығушылық басылмаған, себебі сөзжасам көптеген қызмет атқара отырып, баланың тілдік біліктіліктерінің және сөйлеу қарым-қатынасының дамуына ықпал етеді. Екі жүз жыл көлемінде ғалымдар – лингвисттер, психологтар, педагогтар, психолінгвисттер сөйлеу тілінің онтогенетикалық дамуындағы сөзжасамдық мүмкіндіктердің заңдылықтарын, кезектілігін, даму деңгейін және сағысын зерттеуді жалғастырды (В.В.Виноградов, Г.О.Винокур, А.Н. Гвоздев, Е.С.Кубрякова, А.А.Леонтьев, Е.Н.Негневицкая, Ф.А. Сохин, С.Н.Цейтлин, К.И.Чуковский, Л.М.Шахнарович, Д.Б. Юрьева және т.б.).

Сол уақытта сөйлеу тілі ақаулығы бар балалардың сөзжасам мәселесіне жеткілікті назар аударылған. Өткен ғасырдың 50- жылдары Р.Е.Левина сөйлеу тілінің барлық компоненттері жүйелі бұзылған, яғни «жалпы сөйлеу тілі дамымаған» балалардың ерекше категориясын ажыратып, осы балалардың түрлі сөзжасам мүмкіндіктерін көрсетті.

6 Лалаева Р.И. Нарушение процесса овладения чтением у школьников: Учеб. пособие для студентов дефектол. фак. пед. ин-тов. – М.: Просвещение, 1983. – 136с.

**Түйіндеме**

**Рональд Дейвистің әдістемесі, бастауыш сынып оқушыларының дислексиясын жою негізі ретінде**

**Қуаншбек Т.Н. - магистрант ҚарГУ, Жарболова А.Г. - магистрант ҚарГУ,**

**Алшынбекова Г.Қ. - б.ғ.д, профессор.**

togzhan1693@mail.ru, gulnaz\_gak@mail.ru

Оқу процессіндегі ерекше топтағы ерекшеленген бұзушылықтардың-дислексия туралы мақалада сипатталған. Дислексия, дислексияның туындау себептері, дислексияны қалай анықтау керек, дислексияның белгілері, дислексияны емдеу проблемалары туралы қарастырылды. Негізгі мектепте дислексиясы бар оқушылар оқу ерекшеліктері туралы бар теориялық ұсыныстар ашылып көрсетілді: дислексиясы бар оқушылардың негізгі мектепте оқу техникалық және мағыналы мінездемелері суреттеп айтылған.

**Түйін сөздер:** дислексия, Р.Дейвистің әдістемесі, оқу бұзушылығы, логопедиялық-түзетушілік жұмыс, дислексияны түзету.

**Summary**

**Methodology of Ronald Daivys as basis over coming of dyslexia at the junior classes of students**

**Kuanshbek T.N. - Undergraduate of the Karaganda State University of the name of E.A.Buketov, Alshynbekova**

**Gulnaziya Kanagatovna - Ph.D., assistant professor of the Karaganda State University of the name of E.A.Buketov,**

**Zharbolova A.G. - Undergraduate of the Karaganda State University of the name of E.A.Buketov,**

togzhan1693@mail.ru, gulnaz\_gak@mail.ru

In article the special group of specific violations of process of reading – a dyslexia is described. Problems about a dyslexia, corrections of a dyslexia, the reason of developing of a dyslexia, symptoms of a dyslexia and diagnosis of a dyslexia are considered. for timely identification at children, logopedic exercises, methods for correction. The available theoretical ideas of features of reading pupils with a dyslexia of the main school are expanded: technical and semantic characteristics of reading pupils of the main school with a dyslexia are described.

**Keywords:** dyslexia, methodology of Ronald Daivys, violation of reading, speech correction-therapy work, overcoming of dyslexia.

## МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ С ОВР

УДК 616.98:578.828

### ДЕНСАУЛЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА МЕДИЦИНАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

**А.А. Тайжан** – медицина ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қаз ҰПУ  
sozba14@mail.ru

**М.С. Махадилова** – Абай атындағы Қаз ҰПУ-дің 6M010500 «Дефектология» мамандығының 2-курс  
магистранты, makpal\_12\_91@mail.ru

Мақалада денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға медициналық-әлеуметтік, педагогикалық қолдау көрсету жолдарын қарастыру мәселелері қозғалады. Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға медициналық-әлеуметтік, педагогикалық қолдау көрсету жүйесіне байланысты отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектері қарастырылады.

**Түйін сөздер:** денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалар, медициналық-әлеуметтік қолдау, инклюзивті білім беру, педагогикалық қолдау, реабилитация, бұзылыс.

Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға медициналық-әлеуметтік қолдаудың көрсетудің мақсаты - баланың отбасында, мектепке, медициналық мекемеге, қоршаған ортада жеке өсіп бейімделуіне және реабилитацияға ықпал ететін медициналық, психологиялық-әлеуметтік жағдайдың жүйесін құру.[1]

Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға медициналық әлеуметтік көмек көрсетудің негізгі бағыты ең алдымен бұзылысқа байланысты әр түрлі мамандықтағы дәрігерлердің: педиатр, невропатолог, ортопед, оториноларинголог, эндокринолог, окулист т.б. диагностикалық қызметі болып табылады. Бұл көрсеткіштер баланың жеке картасына тіркелуі тиіс.

Дамудағы бұзылысты ерте жастан түзетуге перинаталді, антенаталді, интранаталді және ерте постнаталді кезеңді мұқият зерттеу маңызды рөл атқарады. Көптеген бұзылысқа адекватты түзету бағдарламасын құрастырып-жобалауда өмірдің бұл кезеңін зерттеу маңызды.

Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету түзете дамытушы ортаны құруды қамтамасыз ететін тұрақты оң нәтижеге жеткенге дейін үзіліссіз болуы тиіс. Баланың соматикалық және психофизикалық даму темпі мен уақыты тіркелген жеке сәйкестендіру қажет. Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға медициналық-әлеуметтік қолдау көрсету жүйесі келесі мақсатта іске асады: баланы өз бетінше өмір сүруге дайындау, кейбір қол жетімді түзету әдістерін меңгерту, мүгедектігін әлеуметтік тұрғыда ұзарту, өзін-өзі үлгілі адам ретінде түсіну.[2]

Медициналық-әлеуметтік көмек көрсету жүйесі адамның әр түрлі өмірлік жағдайда өзін сенімді және қауіпсіз сезу мақсатына жеткізуі. Сонымен қатар, денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалар әлеуметтік қызметкермен бірге дұрыс әрі уақытылы медико-реабилитациялық жұмыстың арқасында, өмірге бейімделіп қана қоймай одан да әрі, отбасы мүшелеріне де көмек көрсету қызметін де атқара алатын болады. Медициналық-әлеуметтік көмек көрсету мағынасы-терең зақымдалған физикалық жүйенің қызметін қалпына келтіру толық және тұрақты нәтижеге жетуі. Егер медициналық-әлеуметтік көмек көрсету мезгіліне жетпей тоқтатылса, физикалық және психологиялық дағдыларды жоғалтуы мүмкін. Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі адамдар өте сезімтал. Оның физикалық мүмкіндіктерін аз уақыттағы баспа (ангина), өткір респираторлық аурудан кейінкіші жастағы балалардың деңгейіне дейін түседі. Бала бұрынғы дағдыларын жоғалтып қайтадан жүруді, қасықты ұстауды, сөйлеуді үйренеді. Сондықтан денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға медициналық-әлеуметтік көмек үздіксіз көрсетуді ғалымдар бейімделген түзете-дамытушы ортаны құруды қамтамасыз ететін жүйе ретінде қарастырады.[3]

Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету жүйесіне консультациялық қызмет, ұйымдастырушы-әдістемелік, профилактикалық-ағартушылық, сараптамалық бағыттағы жұмыстарды жатқызуға болады. Бұл бағыттар тұтас жүйенің негізін

қалайды. Сонымен қатар, кез келген іс-әрекетте қажеттілігіне сай білім беру мекемесінің мамандары, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау органдары қосыла алады.).

Сүлейменова Р.А. кеңес берудегі жауапкершіліктің 3 негізгі деңгейді бөліп көрсетеді:

*Бірінші деңгейі*- дәрігер-педиатр және профилді мамандар (невропатолог, офтальмолог, ортопед, отоларинголог, т.б.)

*Екінші деңгейі*- реабилитолог дәрігері;

*Үшінші деңгейі*- сараптама дәрігер, медико-реабилитациялық сараптама мамандары, әлеуметтік оңалту іс шараларымен айналысағын әлеуметтік қызметкер.

Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету дәрігерлік және әлеуметтік көмектің ерекше әдіс тәсілдерді білдіреді. Бала дамуында көмек көрсетуші мен көмек алышының арасындағы күрделі процесс нәтижесі оң болуы тиіс. Мамандар әлеуметтік көмек көрсету жүйесі бойынша барлық проблемалық жағдайда көмек көрсетілген балалардың құқығы мен қызығушылығын қорғауы тиіс.

Медициналық немесе емдік-түзете көмек көрсетуге созылмалы (хронический) патологиясы бар балалар жатады. Жиі кездесетіндері: есту қабілеті бұзылған, нашар еститіндер, көру қабілеті зақымдалған, нашар көретіндер, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар, интеллектісі бұзылған балалар, жалпы сөйлеу тілі бұзылған балалар, жалпы моторикасы, ұсақ моторикасы бұзылған балалар жатады.

Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың негізгі патологиялық жағдайына қосымша аурулардың қосылуы назар аударуды талап етеді. Оларға: ішкі ағзалардың әр түрлі кемістігі-жүректің, бүйректің, асқазан ішек жолдарының ауруы, жиі суық тиіп ауыру, бронхит, тонзиллит, отит, пневмония, нефрит, панкреатит, холецистит, цистит, уретрит және т.б. ВИЧ және туберкулез инфекциясымен ауыратын балаларға медициналық көмек көрсету ерекше түрде жүргізілуі тиіс. [6]

Біздің елімізде психологиялық-медициналық кеңес беруде нәрестелер мен кіші мектеп жасындағы балалардың дамуындағы ауытқуларды диагностикалауға жаңа құжаттармен қамтамасыз етілген.

Медициналық қолдау көрсету әлеуметтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық компонентсіз толыққанды болмайды. Қазақстанда 2002 жылы педагогика ғылымдарының докторы, профессор Сүлейменова Р.А. ұйымдастыруымен «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңы қабылданды. Әлеуметтік-құқықтық қолдау көрсету жүйесіне көп балалы отбасы, мүгедек балалар да алынады. Сенсорлық дамуы тежелген, қабылдау, есте сақтау, ойлау, эмоционалды сферасы бұзылған балалар психологиялық қолдауға мұқтаж.

Сөзсіз бұл балаларға педагогикалық қолдау өте маңызды. Педагогикалық қолдауды қажет ететін жағдайға жеткенде денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалармен үздіксіз жұмыс жүргізілсе дәрігерлер тарапынан келешекте оң нәтижеге жетеуге болады деп үміттенеді. Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға педагогикалық қолдау көрсету балалардың жұмысқа қабілеттілігін бағалау және танымдық қызметін дамыту арқылы іске асады. Кіші мектеп жасындағы балалардың оқу, математикалық жазудағыларын қалыптастыру маңызды. Сонымен қатар жалпы мектептің бұл жастағы балаларында оқу талаптарына деген бағдар бірден қалыптаспайды. Балалар мұғалімнің талаптарын бірден түсініп дұрыс орындауға икемделмеген. Бұл кезеңде оқуға, өзіндік жұмысқа дағдылануға ынталандыру мотивтері іске асуы тиіс. [7].

Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету жүйесінде маңызды кезең – инклюзивті білім беру. Қазақстанда 1999 жылы профессор Р.А. Сүлейменова жетекшілігімен ЮНЕСКО «арнайы мұқтаждығы бар балаларды оқу процесіне қосу» жобасы басталды. Мемлекеттік саясаттың арқасында қазіргі таңда жүйелік негізде арнайы мектептер мен арнайы мектепке дейінгі мекемелерге арналған әдістемелік құралдар мен әдебиеттер шығарылуда.

Көру қабілеті зақымдалған балаларға арналған қазақ тілінде ақпаратқа қол жеткізу үшін қазақ тілінің синтезінің құрылуы соңғы кездегі жетістік болып табылады. [8]

Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетудің алғашқы кезеңі ерте жастағы балалар жайында ақпарат жинауға тоқтала өтсек. Кез келген бұзылыс (патология) өзінің шығу тегіне байланысты тұрақталып қалыптасады. Мұндай зақымдануларға ата-анасының және баланың генетикалық және тұқым қуалайтын аурулары, анасының созылмалы-соматикалық аурулары (жүрек, бүйрек, тыныс алу мүшелерінің зақымдалуы, гипертондық, қант диабеті, өкпе туберкулезі, анемияның көптеген түрлері, токсоплазмоз) жатады. [3]

Гипертондық эклапсияға дейін жететін жүктіліктің патологиялық токсикозбен отуі.

Бала үшін даусыз рискте антидене титрі жедел артып резус-конфликтте гемолитикалық ауру яғни, жатыр ішілік ұрық гипоксиясына алып келеді. Белгілі риск- туу кезіндегі патологияны көрсетеді (ерте



кезде су кетуі, өте ұзақ туу, асфиксия, бас сүйек жаракаттары, жамбаспен келуі, плацентаның жақындауы)[3]. Жатыршілік және перинаталді кезеңдегі дамуды біле тұра, баланың алғашқы айындағы даму процессінің ақпараты да маңызды. Жие еленбей қалатын физикалық дамудың мәліметтері: кеудемен немесе жасанды тамақтануы, салмағының артуы, толық мерзімді, мерзімнен асып немесе мерзіміне жетпеген жүктілік, құрысулардың болуы, рефлексстердің болмауы.

Басын ұстау уақыты, затқа назар аударуы, көзқарасы, жандану комплексінің болуы, дыбысқа деген окшаулануы, сөйлеу алғышарттары гулеуі, былдыры пайда болу уақыты маңызды рөл атқарады.

Жеке медициналық қолдау көрсетудің келесі кезеңі-басқа да дәрігер-мамандар, әлеуметтік қызметкерлер, педагог-психологтармен жоғарыда көрсетілген көрсеткіштерді талдау және әр бала мен ата-анаға толық көмек көрсетудің жоспарын құрастыру болып табылады. Кеңес беру процесінде баланың проблемаларын шешу жолдары шынайы анықталады.

Қазіргі заманғы әр түрлі мамандардың біріккен өзара іс әрекеті яғни, моделі-ол денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуын ерте диагностикалау, адекватты түзете-дамытушы бағдарламаларын құрастыруға бағытталған.

Сондықтан, бүгінгі таңда денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балаларға медициналық-әлеуметтік қолдау көрсету жүйесінің мәні ол баланы қоғамға және білім алу ортасына енгізу маңызды және перспективаті болып саналады.

1 Сулейменова Р.А.- Организационно-технические основы ранней коррекционно-педагогической помощи детям с ограниченными возможностями; дисс.докт., М., 2001

2 Семаго Н.Я.- Технология определения образовательного маршрута для ребенка с ограниченными возможностями здоровья. Методическое пособие, М., 2010

3 Тайжан А.А.- Патогенетические основы метаболической терапии перинатальной энцефалопатии у недоношенных детей; дисс.докт., М., 1983

4 Баряева Л.Б.- Сенсорная интеграционная терапия в образовании: взгляд на проблему, Россия, 2016

5 Закон РК «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями», 2002

6 Манжуова Л.Н.- Мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуының клиникалық ерекшеліктері, Алматы, 2010

7 Аюпова С.Х.- Клиникалық педиатрия, Алматы 2008

8 Шешембекова М.С.- Қазақстандағы инклюзивті білім беруді алға жылжытудағы психологиялық-педагогикалық түзету орталықтарының рөлі және әлеуеті, Алматы, 2016

9 Амелина Н.Г.- ИКТ в образовании людей с ОВЗ: новейшие технологии и компетенции педагога, Россия, 2016

#### Резюме

##### Медико-социальное сопровождение детей с ограниченными возможностями

Тайжан А.А. – Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, доктор медицинских наук, профессор кафедры специального образования

Махадилова М.С. – магистрант 2-го курса специальности «Дефектология»

В статье рассматриваются типы системы психолого-медико-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями здоровья (ОВЗ). Уделяется внимание медицинской сфере сопровождения, изучению истоков возникновения причин ОВЗ. Дается информация о деятельности отечественных и зарубежных ученых в сфере медико-педагогической коррекционной помощи.

**Ключевые слова:** дети с ограниченными возможностями здоровья, медико-социальное сопровождение, инклюзивное образование, педагогическое сопровождение, реабилитация, патология.

#### Resume

##### Medico-social maintenance of children with limited abilities

Taizhan A.A. Kazak national pedagogical university named after Abay, doctor of medical sciences, professor of special educational department.

Makhadilova M.S. 2<sup>th</sup> course master specialty of defectology

In article some important issues of the Medical Psychological Correctional Support of Children with Limited Abilities in our country are presented.

Now, the medical consultations are developed very successfully. The project «inclusive education» includes children with special needs in general educational process in our country. The article includes some important issues about role and potential of the centers for psychological and pedagogical correction in promoting of inclusive education.

**Keywords:** children with limited opportunities of health, medico-social maintenance, inclusive education, pedagogical maintenance, rehabilitation, pathology.

УДК 376-056.3

## ПЕРВЫЕ ОПЫТЫ КОРРЕКЦИОННОЙ РАБОТЫ С ДЕТЬМИ С АУТИЗМОМ В КАЗАХСТАНЕ

*Сатова А.К. – д.психол.н., профессор, КазНПУ им. Абая. Институт педагогики и психологии,  
Кафедра специального образования, satova57@mail.ru*

*Умарова С.А. – магистрант 2 курса по специальности 6М010500 – Дефектология. КазНПУ им.  
Абая. Институт педагогики и психологии. Кафедра специального образования,  
umarova.sabina@list.ru*

В статье описываются первые опыты коррекционной работы с детьми с аутизмом в Казахстане, основные подходы и приемы, используемые в коррекционно-развивающей работе с детьми данной категории. Приводятся данные Национального научно-практического центра коррекционной педагогики Казахстана по выявлению детей с аутизмом. Описываются реализуемые программы по поддержке детей с аутизмом, целью которых является оказание помощи аутичным детям, создание их семьям условий для того, чтобы они могли получать полноценную квалифицированную помощь специалистов. Раскрывается работа первых ресурсных центров для детей с аутизмом «Асыл Мирас».

**Ключевые слова:** дети с аутизмом, прикладной поведенческий анализ, расстройство аутистического спектра, ресурсный центр, общественные некоммерческие организации, коррекционно-развивающие программы.

На сегодняшний день проблема детского аутизма является одной из самых важных и актуальных в специальной педагогике и психологии. Ребенок с аутизмом или с проявлениями аутистического спектра может появиться в любом детском сообществе. Современные данные показывают, что детский аутизм и сходные с ним сложности психического и социального развития проявляются примерно у 20 из десяти тысяч детей. [1, с. 3]

Количество детей с диагнозом «аутизм» во всем мире продолжает расти. Точные причины появления этого явления, несмотря на многочисленные исследования, до сих пор неизвестны. Быть может поэтому аутизм называют одной из самых загадочных болезней в мире. По данным Всемирной организации здравоохранения, расстройства аутистического спектра (РАС) встречаются примерно у 1 % населения Земли. За последние 10 лет количество выявленных детей с аутизмом в мире увеличилось в десять раз, и каждый год их становится на 13 % больше. [2]

В Казахстане также все чаще выявляются дети с аутизмом. По данным Национального научно-практического центра коррекционной педагогики Казахстана, в 2002 году в стране было отмечено 93 ребенка с аутизмом, в 2003 году - 77, в 2006 году - 255, в 2009 году - 326, в 2010 году - 465, в 2011 году - 706. Как информирует Министерство образования и науки, на конец 2015 года в Казахстане диагноз «аутизм» получили 1956 детей, в 2014 году эта цифра составляла 1456 детей. [3] Но, как считают эксперты, фактически таких детей намного больше, ведь далеко не все из тех, кто имеет РАС, были правильно диагностированы. Ученые и специалисты-практики разных стран ищут способы облегчить процессы социализации и интеграции в общество лиц с расстройствами аутистического спектра. [2]

Казахстанское научное и образовательное сообщество принимает активное участие в изучении аутизма. В это сообщество входят: Ерсарина Алия Касымхановна – кандидат психологических наук, заведующая Республиканской психолого-педагогической консультации ННПЦ КП, Джангельдинова Зауре Болатовна – магистр педагогических наук, заведующая Реабилитационным Центром ННПЦ КП, Баймуханова Меруерт Ерсайыновна – психолог высшей категории Реабилитационного Центра ННПЦ КП, Архарова Алия Сагидуллаевна – магистр дефектологических наук, президент Общественного фонда поддержки, помощи детям и подросткам Казахстана с аутизмом и другими отклонениями в развитии «Ашық элем», Серикова Сымбат – магистр дефектологических наук, специалист Центра для детей с аутизмом «Асыл Мирас», Чувашев Юрий – магистр дефектологических наук, специалист Центра для детей с аутизмом «Асыл Мирас» и другие.

Рост числа детей с аутизмом обуславливает необходимость оказания им адекватной и своевременной коррекционной помощи. Аутичный ребенок постоянно нуждается в поддержке и стимуляции для более успешного развития и социальной адаптации. Этого можно добиться, если семья аутичного ребенка встречает понимание своих нужд и потребностей со стороны общества и различных

общественных институтов: детского сада, школы, социального окружения. [1, с. 3]. Несмотря на то, что в республике действуют различные специальные организации образования (реабилитационные центры, кабинеты психолого-педагогической коррекции, специальные детские сады и школы), дети с аутизмом не получают качественную психолого-педагогическую помощь. Специалисты этих организаций чаще всего не имеют полного представления об особенностях этих детей, испытывают трудности в обучении этих детей и, не владея профессиональными умениями работы с ними, отказывают родителям в обучении детей с аутизмом. Многие родители вынуждены обучать их на дому, изолируя от обычной нормальной жизни. [1, с. 3]

Для решения данных проблем в начале 2000-х годов Республиканский научно-практический центр социальной адаптации и профессионально-трудовой реабилитации детей и подростков с проблемами в развитии начинает разрабатывать психологические и коррекционно-педагогические технологии реабилитации детей с аутизмом, адаптировать ряд обучающих программ для данной категории детей. Для реализации этих задач использовались следующие подходы и приемы:

1. Прикладной поведенческий анализ (АВА), или поведенческая терапия. Данную программу разработал доктор Л.Ловаас в рамках бихевиористического течения в психологии. На основе классической модели «стимул – реакция – результат» у ребенка вырабатывают способы поведения и навыки посредством реализации системы подкреплений. [1, с. 12]

2. Холдинг-терапия. Метод холдинг-терапии был разработан американским психиатром М. Welch и представляет собой попытку форсированного, почти насильственного создания физической связи между матерью и ребенком. Данный метод базируется на представлении об естественном желании матери обнять ребенка и удержать его при себе, когда его поведение или самочувствие вызывает тревогу. [1, с. 13]

3. Метод выбора. Этот метод был предложен А. S. Kaufman и предусматривает работу с аутичным ребенком один на один в течении всего дня. [1, с. 15]

4. Программа эмоционально-уровневой терапии, разработанная О. С. Никольской, Е. Р. Баенской, М. М. Либлинг, направлена не на решение отдельных поведенческих или интеллектуальных проблем ребенка, а на стимуляцию его аффективного развития, в ходе которого и происходит последовательное разрешение имеющихся поведенческих трудностей, активизируется интеллектуальное развитие. [1, с. 16]

В 2011 году в рамках проекта ОО Центра АРИС и Общественного Фонда «Бота» была разработана программа психолого-педагогической реабилитации детей с синдромом аутизма, в которой обобщены некоторые современные методы коррекции аутизма, а также авторские идеи и опыт психолога Национального научно-практического центра коррекционной педагогики М. Баймухановой. Программа создавалась на основе изучения и апробации ряда известных программ коррекции аутизма, а также разработки, внедрения и обобщения собственных методов и приемов в течение 10-летнего опыта работы с аутичными детьми в Национальном научно-практическом центре коррекционной педагогики. [1, с. 17]

Для создания необходимой поддержки детей с аутизмом и их семей в Казахстане начинают создаваться общественные некоммерческие организации. Среди них: Общественный фонд «Фонд поддержки, помощи детям и подросткам Казахстана с аутизмом и другими проблемами в развитии «Ашық Әлем», Ассоциация родителей под названием «Аутизм победим!», «Ассоциация родителей детей-аутистов» и другие. Целями и задачами данных организаций являются:

1. Социальная защита и реабилитация детей и подростков Казахстана с аутизмом и другими проблемами в развитии;

2. Оказание психологической, методической, медицинской и другой помощи детям с аутизмом и другими проблемами в развитии;

3. Участие и содействие в реализации Государственных программ в части поддержки детей и подростков Казахстана с аутизмом и другими проблемами в развитии в Республике Казахстан. [4]

В 2013 году Общественным фондом «Ашық Әлем» – некоммерческой организацией, созданной 15 июля 2010 года инициативной группой родителей, был запущен проект «Организация адаптации детей с аутизмом в общеобразовательную и социальную среду». Цель проекта - инклюзивное образование для детей с аутизмом, создание на базе общеобразовательных школ специальных адаптационных классов, в которых могли бы обучаться дети с аутизмом, внедрение в Казахстане эффективной инновационной модели «АВА-Applied Behavioral Analysis» (прикладной поведенческий анализ) по обучению детей с аутизмом, которая позволяет подготовить их к инклюзии, т.е.

включению в общеобразовательную и социальную среду. В рамках данного проекта были открыты экспериментальные площадки в общеобразовательной школе № 9 и детском саду. [5]

В 2014 году проблемой аутизма всерьез заинтересовался частный благотворительный фонд Булата Утемуратова «Асыл Мирас». Изучив данную проблему, специалисты Фонда разработали программу «Аутизм. Мир один для всех», направленную на повышение качества жизни детей с аутизмом посредством: ранней реабилитации, инклюзивного образования, социальной интеграции. Цель этой программы является создание детям с аутизмом, их семьям условий для того, чтобы они могли получать полноценную квалифицированную помощь специалистов. [6]

В рамках реализации программы «Аутизм. Мир один для всех», 23 июня 2015 года в городе Алматы фонд «Асыл Мирас» совместно с фондом «Ашык Әлем» открыли первый в Казахстане Центр для детей с аутизмом. Это первый шаг в реализации масштабной программы фонда "Аутизм. Мир один для всех", рассчитанной на период до 2019 года. В открытии Центра принимал участие член попечительского совета "Асыл Мирас" известный казахстанский писатель и поэт Олжас Сулейменов. На сегодняшний день в Центре города Алматы работают 26 специалистов, которые уже оказали поддержку 797 семьям, осуществили полную диагностику 449 детей, 266 маленьких пациентов включены в Программу помощи центра. [7] 16 сентября 2015 года в городе Астана был открыт второй Центр для детей с аутизмом. 21 июня 2016 года такой же центр был открыт в городе Кызылорда. 21 сентября 2016 года - в городе Усть-Каменогорске.

Центры «Асыл Мирас» - это уникальные учреждения, где дети с аутизмом и их родители получают многофункциональную помощь профессиональных специалистов. Реабилитационный курс каждого ребенка рассчитан на 5,5 месяцев, за этот период каждый Центр «Асыл Мирас» оказывает комплексную помощь 90 детям, после прохождения полной диагностики у специалистов Центра. [6]

Центры для детей с аутизмом «Асыл Мирас» – это многофункциональные центры, которые представляют собой:

- Центр диагностики - проведение диагностического обследования с использованием общемировых методов диагностики (методов «золотого стандарта») детского аутизма.
- Центр психолого-педагогической реабилитации - индивидуальные и групповые занятия с использованием современных передовых технологий по работе с аутичными детьми: АВА-терапия, методы сенсорной интеграции, альтернативной коммуникации и др.
- Центр оказания помощи родителям - оказание информационной, консультативной и психологической поддержки. Обучение по специальной программе навыкам воспитания и развития ребенка в домашних условиях.
- Центр для начинающих специалистов - обучение самым передовым технологиям коррекций аутизма, с привлечением высокопрофессиональных специалистов Казахстана и зарубежных стран.
- Исследовательский центр - разработка, апробация и внедрение новых эффективных технологий и методик по работе с аутичными детьми. Создание специальных образовательных и социальных программ по поддержке детей с аутизмом с целью дальнейшего внедрения их на государственном уровне.
- Информационный центр - просветительская деятельность по распространению информации и знаний о детях с аутизмом, а также возможностей по оказанию им помощи во всех сферах социально-общественной жизни. Центр готов к сотрудничеству и координации усилий со всеми заинтересованными организациями по поддержке детей с аутизмом (государственные организации образования, социальной защиты, здравоохранения, неправительственные общественные организации, в том числе, родительские, СМИ и др.). [8]

В Центре работают специалисты в области раннего развития, коррекционной помощи, логопедии, психологии, дефектологии, двигательного развития, медицинские консультанты, учитывающие особые потребности детей с аутизмом и помогающие родителям, раскрыть потенциал их ребенка.

Все центры «Асыл Мирас» работают по единой коррекционной программе, которая основывается на двух методиках коррекции аутизма. Первая – классическая, предполагает проработку с ребенком социально-коммуникативной и познавательной сферы, языковых и повседневных навыков жизни. С малышом одновременно работают четверо специалистов: психолог, дефектолог, логопед и социальный педагог. Вторая методика работы – это «АВА терапия», которая строится на оценке языковых и базовых навыков поведения. Для этого для каждого ребенка предусмотрен индивидуальный педагог и составляется отдельная программа, основывающаяся на 544 навыках, которые должен освоить ребенок с аутизмом. Все специалисты Центров прошли обучающие тренинги по прикладному

анализу поведения, диагностике аутизма, сенсорной интеграции, а также другие специализированные курсы. В планах программы – обучить специалистов для собственных центров, а в дальнейшем – делиться методологическими и практическими знаниями со специалистами всего Казахстана. [6]

По данным частного благотворительного фонда Булата Утемуратова «Асыл Мирас» на июнь 2016 года в два центра «Асыл Мирас» гг. Алматы и Астаны уже обратились за помощью 1 233 семей. 627 детей прошли несколько этапов диагностики, 350 детей включены в программу психолого-педагогической реабилитации. У 15-20 процентов детей отмечается устойчивая положительная тенденция. [9]

Таким образом, изучение и анализ первых опытов коррекционной работы с детьми с аутизмом в Казахстане показал, что с начала 2000-х годов проблема аутизма в Казахстане приобрела особую значимость и актуальность. Создаются различные организации, открываются ресурсные центры для детей с аутизмом, реализовываются программы, разработанные для данной категории детей. Вместе с тем, в исследовании данной проблемы сегодня остается еще много нерешенных вопросов, среди которых главными, на наш взгляд, являются четкое и научно-обоснованное определение и описание данного нарушения развития и отграничение его от сходных состояний.

1 КурсивКЗ. Фонд «Асыл Мирас» открывает новый центр для детей с аутизмом. <http://www.kursiv.kz/news/obshhestvo/fond-asyl-miras-otkryvaet> Баймуханова М.Е. Психологическая помощь аутичному ребенку. Практическое руководство для психологов. Алматы – 2011, 62 с.

2 Машакова Б. Верните их в игру! В Казахстане растет число детей с аутизмом. <http://erkindik.kz/vernite-ih-v-igru-v-kazahstane-rastet-chislo-detej-s-autizmom/>

3 Inform.kz. В Казахстане за последнее время наблюдается резкий рост числа детей страдающих аутизмом. [http://www.inform.kz/ru/v-kazahstane-za-poslednee-vremya-nablyudaetsya-rezkiy-rost-chisla-detej-stradayuschih-autizmom\\_a2325469](http://www.inform.kz/ru/v-kazahstane-za-poslednee-vremya-nablyudaetsya-rezkiy-rost-chisla-detej-stradayuschih-autizmom_a2325469)

4 Общественный фонд «Фонд поддержки, помощи детям и подросткам Казахстана с аутизмом и другими проблемами в развитии «Ашық Әлем». <http://autism.kz/>

5 Сунгатова Н.Б. Аутизм – это не беда, Игнорирование проблемы аутизма – это трагедия.... <http://www.zkoipk.kz/ru/c1/582-conf.html>

6 Добрового здоровья. Фонд «Асыл Мирас» открывает новый центр для детей с аутизмом. <http://www.dzm.kz/news/9402>

7 DKnews. Бауржан Байбек посетил центр для детей с аутизмом в Алматы. <http://dknews.kz/bauy-rzhan-bajbe-k-posetil-tsentr-dlya-detej-s-autizmom-v-almaty/>

8 Частный благотворительный фонд Булата Утемуратова «Асыл Мирас» <http://autism.asylmiras.org/novyyj-centr-dla-detej-s-autizmom/>

#### Түйіндеме

**Қазақстанда аутизмді бар балалармен түзету жұмыстарының алғашқы тәжірибелері**

**Сатова А.К.** – психол.ғ.д, профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, satova57@mail.ru

**Умарова С.А.** - Абай атындағы ҚазҰПУ 6МО20200 - Дефектология мамандығының 2 курс магистранты,

Бұл мақалада Қазақстанда аутизмді бар балалармен түзету жұмыстарының ең алғашқы тәжірибелері мен осы категориядағы балалардың түзету-даму жұмыстарының негізгі амал- тәсілдері көрсетілген. Түзету Педагогикасының Ұлттық ғылыми практикалық орталығының аутизмді анықтайтын мәліметтері келтірілген. Іске асырылуы тиіс аутизмді бар балаларды қолдау бағдарламалары, олардың негізгі мақсаты-аутист балалар мен олардың отбасыларына білікті мамандардың толық көмегін алу үшін барлық жағдай жасау керектігі туралы айтылған. Бірінші ресурсты «Асыл Мирас» аутизмді бар балалар орталығының жұмыстары да жазылған.

**Түйін сөздер:** аутизмді бар балалар, ресурстық орталық, түзету-даму бағдарламалары, қоғамдық бейкоммерциялық ұйымдар, мінез- құлық дағдалары.

#### Summary

**The first experiments of correctional work with children suffers from autism in Kazakhstan**

**Satova A.K.** - Doctor of Psychology, Professor, KazNPU named after Abai, satova57@mail.ru

**Sabina Umarova** – 2<sup>nd</sup> course master specialty of Defectology, KazNPU named after Abai

This article describes the first experiments of correctional work with children suffers from autism in Kazakhstan basic approaches and techniques used in the correctional-developing work with children in this category, it describes the implemented programs to support children with autism whose aim is the creation of conditions for autistic children and their families so that they could receive a full professional assistance from specialists, reveals the activity of the first resource center for children with autism "Asyl Miras".

**Keywords:** children with autism, applied behavior analysis, autism spectrum disorder, resource center, community of non-profit organizations, correctional and educational programs.

УДК: 376.3

## ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОТБАСЫЛАРЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**А.А. Даурамбекова** – Абай атындағы ҚазҰПУ арнайы білім беру кафедрасының аға оқытушысы, *asiya.abenovna@mail.ru*

Мақалада дамуында бұзылыстары бар бала отбасына тікелей тәуелді, әрі олармен жүргізілетін түзету жұмыстарының негізгі өзегі жанұяға тікелей байланысты екендігі айтыла отырып, мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілінде бұзылыстары бар баланың отбасын психологиялық-педагогикалық қолдау мәселелері баяндалады. Сонымен қатар аталған балаларды тәрбиелейтін отбасылар кездесетін қиыншылықтар мен олардың қарым-қатынас ерекшеліктері жөнінде айтылады. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар баланы адекватты дамытуға жағдай жасау үшін, бала мен отбасы мүшелерімен жүргізілетін іс-шаралар жүйесі, отбасымен жүргізуге мүмкін болатын қажетті қосымша қызметтер қатары көрсетілген. Мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалардың отбасын психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын (моделін) әзірлеу және оны енгізу жолдары қарастырылған.

**Түйін сөздер:** психологиялық-педагогикалық қолдау, сөйлеу тілінің бұзылыстары, отбасы, психолог, логопед, ата-ана, мектеп жасына дейінгі балалар.

Сөйлеу тілінің пайда болуы мен дамуы адам баласының барлық психикалық үдерістері және олардың қызметтерінің дамуымен байланысты күрделі құбылыс. Қазіргі уақытта балалардың ана тілінде сөйлеуі және тілінің жетік болуы көптеген мәселелерге байланысты. Соңғы жылдары бүкіл әлем ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар мен олардың ата-аналарына ерте жастан психологиялық-педагогикалық көмек көрсетудің жаңа ұйымдастырылған түрлері мен бағдарламаларын әзірлеуге бағытталған ғылыми зерттеулерді жүргізуге көп көңіл бөлуде.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арнайы білім беру саласында жүргізілген шетелдік және отандық зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес, қазіргі уақытта сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалар санының артып келе жатқандығы байқалады. Сонымен қоса балалардың көпшілігінде сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары: яғни барлық деңгейлерде сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, соның ішінде - мектеп жасына дейінгі балалардың дизартриясы бар балалардың саны ұлғаюда (Е.Н. Винарская, Белова-Давид Р.А., Е.М. Мастюкова және т.б.).

Балаларға арналған жеке бағдарламалар мен ата-аналарына психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді жүзеге асыру бағдарламаларын (модельдерін) әзірлеу педагогтер мен арнайы мамандардың қызметін үйлестіруді көздейді және бір тәртіпке бағынатын ұжымды құрайды. Мұндай ынтымақтас-тықтың барысында, психологиялық-педагогикалық көмек көрсетудің мазмұны, оның мерзімі мен нысаны анықталып, ата-аналардың және қызметкерлердің бірлескен жұмысы балада туындайтын қиындықтарды еңсеру бойынша қойылған міндеттерді бірге шешеді.

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңында ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың нысандары мен әдістері айқындалған. Сонымен қатар дамуында бұзылыстары бар балаларға көмек көрсетудің тиімді жүйесін жасауға, оларды тәрбиелеу, оқыту, еңбекке және кәсіби даярлау ісімен байланысты проблемаларды шешуге, балалар мүгедектігінің алдын алу бағыттары белгіленген. Соның ішінде 3-бапта ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау баланың туғанынан басталып, ол кәмелеттік жасқа толғанға дейін, жаппай кешенді медициналық, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік тексеру мен кәсіби диагностика жүргізу, оңалтудың жеке бағдарламасын әзірлеу, медициналық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік қызметтер көрсету және еңбекке баулу арқылы жүргізілу керектігі жазылған [1].

Отбасы - баланың эстетикалық, интеллектуалдық және эмоциялық дамуының қайнар көзі, баланың ана тілін меңгерудегі алғашқы баспалдағы. Л.С. Выготский қарым-қатынастың ең қолайлы ахуалы отбасында туындайтыны жайлы айтқан. Олар ерте жастан баланың физикалық, адамгершілік, интеллектуалды тұлғасын дамытудың алғашқы негіздерін қалауға міндетті. Жүктелген жауапкершіліктің іске асуына байланысты, баланың ары қарайғы қолайлы немесе қолайсыз дамуы тәуелді болады.

Бүгінде отбасы әлеуметтік міндеттерді атқарушы ретінде емес оқыту-тәрбиелеу, түзету қызметіне жеке қатынасы бар субъект ретінде қарастырылады. Сондықтан отбасымен жұмыста педагог және ата-ананың субъект-субъектілі тұлғааралық қатынасында, түзетушілік-педагогикалық ағарту және кеңес беруде отбасы мүдделерінің басымдығын және жеке қажеттіліктерін тануға бейімделу өте маңызды. Баланы педагогтермен бірге белсенді түрде бірлесіп, ортақ тәрбиелеу үрдісіне қосу және осының негізінде мектепке дейінгі мекемеде (МДМ) және сол сияқты үй жағдайында ортақ түзету-дамытушылық кеңістік құру мақсатында мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалардың отбасыларын психологиялық-педагогикалық қолдау моделін әзірлеудің және оны жүзеге асыру жолдарын қарастыру мәселенің өзектілігін дәлелдейді.

Отбасында даму (денсаулық) мүмкіндігі шектеулі баланың дүниеге келуі бұзылысқа, кей жағдайда отбасының барлық қызметтерін орындау мүмкінсіздігіне әкелетін көп факторлардың бірі болып табылады. Сол қызметтердің орындамалмауы (орындаудың мүмкінсіздігі) отбасы бүлінуіне, сонымен қатар отбасы мүшелерінің психологиялық ахуалының бұзылысына әкеп соқтырады.

Субъектілік ұстаным негізінде тұлғаның басқалармен қарым-қатынасында «субъект-субъект» сұлбасы жүзеге асырылатындай ерекше жүйе құрылады. Тек осы жүйе қарым-қатынас жасау жағдайын, уақытты, әлеуметтік рөл мен статусты, тұлғалардың мақсаттарын, этикалық қағидаларды дүниеге деген көзқарасты, ұлттық мәдени құндылықтарды, психофизиологиялық ерекшеліктерді қатаң ескеруге мүмкіндік беретіндігін отандық психолог А.Р. Ерментаева өзінің еңбектерінде пайымдайды. Бұл түсінік бірлескен іс-әрекет пен қарым-қатынастың субъектілік даму үшін алғышарт екенін дәйектейді [2].

Қ.Қ. Өмірбекова, Г.Н. Төлебиева сынды Отандық дефектологтер ауытқуы бар бала отбасына тікелей тәуелді, әрі олармен жүргізілетін түзету жұмыстарының негізгі өзегі жанұяға тікелей байланысты болатындығын түсіндіре келе, бірқатар жұмыс түрлерін ұсынады:

- отбасы ықпалы (психологиялық, ақпараттық);
- ата-аналарды жекелей дамыту бағдарламасы бойынша түзету, орнықтыру әдісін дамытуға қажет қосымша құралдармен қамтамасыз ету;
- маман ата-аналармен кеңесінде тексеру сұрақтарын беру, жанұя мен бала жайында қосымша мәліметтер жинау және ата-ана тарапынан туындаған түрлі сұрақтарға жауап беру [3].

Д.В. Зайцев дамуында бұзылыстары бар баланың отбасымен жүргізуге мүмкін болатын қажетті қосымша қызметтер қатарын айқындап көрсетті:

- 1) абилитациялық-реабилитациялық, дамуы әдеттегідей емес баланы әлеуметтік ортаға бейімдеу мен мүмкіндігіне қарай қалыпты өмірдегі еңбекке араластыру, психофизикалық және әлеуметтік статусын қайта қалпына келтіру;
- 2) түзету қызметі, мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық даму жеткіліксіздігін әлсіретуге немесе жоюға бағытталуы;
- 3) орнын толтыру, алмастыруға бағытталған, толық қалыптаспаған немесе бұзылған ағза қызметін қайта қалпына келтіру, тіршілік әрекетінің қолайсыз жақтарына бейімдеу және толықтырғыш механизм арқылы сақталған құрылымдарға қатысты зақымдалғандарын алмастыруға талпыныс жасау [4].

Отбасы, қиындыққа тап болғанда, қолайсыз нәтиже болдырмауға тырысып оған қарсы белсенді әрекет етеді. Отбасылар қиындықтарды тіптен әртүрлі қабылдайды. Бір жағдайда қиындықтар бірігіп, жұмылдыра ықпал етуді көрсетсе, екінші жағынан, керісінше отбасын әлсіретіп үйлеспеушіліктің ұлғаюына әкеледі. Отбасының қиындықтарға қатынасының әркелкі тұрақтылығы түрліше түсіндіріледі. Көп жағдайда нақты механизмде бұзылысқа нәтижелі қарсы әрекет етуді қамтамасыз етеді, - «мәселені шешу механизмі»; немесе қолайсыз жағдайларға жеңіл бейімделуге септігін тигізетін отбасының белгілі ерекшеліктері (өзара қарым-қатынас икемділігі, рөлдік күтілімдерді тұжырымдаудың анықтылығының орта дәрежесі, отбасының ауызбіршілігі, қоршаған әлемді қабылдаудың ашықтығы, яғни әлем жайында қандай да бір ақпаратты елемей үрдісінің болмауы және т.б.).

Баланың сөйлеу тілінің даму (бұзылу) мәселелері оның әлеуметтік қарым-қатынас жасау мүмкіндігінің төмендеуіне себеп болады. Ата-аналардың ішінде ондай баланың болашақта әлеуметтік келешегі төмен деп есептейтіндері көптеп кездеседі.

Жалпы ата-аналардың эмоциялық жағдайының күйзелуіне әсер ететін бірден-бір фактор баланың айналасындағы социум және өзімен тікелей адекватты (тиісті) қарым-қатынасты қалыптастыру мүмкіндігінің бұзылуы. Ақырында баланың бұл келбеті әлеуметтік-тұрмыстық бейімсіздік түрінде және әлеуметтік бейімделудің бұзылуымен айқындалады. Балада қалыпты қарым-қатынас қажеттілігінің (анасын немесе әкесін қапсыра құшақтап, еркелеу, олардың көзіне қарап, әңгімелесудің) болмауы

ата-аналарды қатты қыпжылтады. Егер анасы немесе әкесі баланың кемшілігін және оның даму ерекшелігін түсініп, қабылдаған жағдайда, олардың санасында баланың бұзылыстарын жеңуіне «көмек көрсетемін» деген уәждеме (мотивация) пайда болады. Баланың кемшілігін қабылдамау ата-ананы туындаған жағдайға бейімсіздендіреді, соның салдарынан тұлғаның іштей қактығысы туындайды [5].

Өкінішке орай, дамуында бұзылыстары бар балалардың ата-анасының көпшілігі дерлік, жағдаяттың келешегі мен оның мәнін түсінесе де, дұрыс шешімге келе бермейтіндігі. Көпшілігі мұндай жағдайдан өз бетінше шыға алмайды. Нәтижесінде өмірдің әлеуметтік жағдайына бейімделу қабілеті бұзылады. Ауытқушылығы бар баланың отбасына медициналық, экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мәселелер жүктеледі, олар өз кезегінде өмір сүрудің нашарлауына, отбасылық және қосымша мәселелердің пайда болуына себеп болады. Басқа түскен қиындықтарды еңсере алмай, дамуында бұзылыстары бар баланың отбасы өз-өзімен оқшауланып, өмірдің мәнін жоғалтып алуы мүмкін.

Сөйлеу тілінде күрделі кемістігі бар соның ішінде дизартриясы бар балалардың даму ерекшеліктері ата-аналардың психикасына ауырлық түсіреді. Сөйлеу тілі бұзылысы немесе оның мүлдем болмауы коммуникативті кедергінің орын алуына алғышарт болып табылады.

Зерттеу барысында дизартриясы бар мектепке дейінгі жастағы балалары бар отбасыларын психологиялық, педагогикалық диагностикалау жұмыстары жүргізілді. Тексеру нәтижесінде мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалардың дамуына және оларды тәрбиелеуде, отбасы ықпалының жағымсыз факторлары айқындалды. Оларға:

- эмоционалды депривация;
- ерте жастан тілдік ортаның жетіспеушілігі;
- оңтайлы-эмоционалды қатынастың болмауы;
- жанды қарым-қатынастың болмауы;
- қарым-қатынас барысында техникалық құралдардың көмегіне жүгінудің басымдығы;
- «қате» сөздерді қолдану ортасы немесе бала айналасындағы ересектердің «қате»сөйлеу тілі;
- отбасындағы қос тілділік;
- психикалық әсер ететін жағдайлар.

Дизартрияға шалдыққан мектепке дейінгі балалардың отбасыларында «ерекше» балаларға деген қатынасы, отбасындағы тәрбиесіне қарай (гипоқамқорлық, немқұрайлылық, гиперқамқорлық, дертіне қарай тәрбиелеу, эмоционалды шеттетілу, қатігездік және т.б.) баланың ата-анасына реакциясы ретінде мінез-құлқында бұзылыстардың пайда болуына алып келетіндігі айқындалды.

Мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалардың отбасыларымен жұмысты ұйымдастыру үшін, олардың қарым-қатынас ерекшеліктері, сонымен қатар аталған балаларды тәрбиелейтін отбасылар кездесетін қиыншылықтар анықталды:

- дизартриясы бар балаға ата-анасы немен және қалай көмектесе алатындығы жайлы қарапайым түсініктің болмауы;
- отбасының созылмалы стресстік жағдайдағы күйде, тұрақты эмоционалды шиеленісте өмір сүруі;
- арнайы оқыту үрдісінің ұзақ болатынын, бұзылыстың бірден түзетілмейтінін, отбасын жиі қоғамнан оқшаулауға, отбасындағы қарым-қатынастың өзгеруіне әкелетін күшті стресстік жағдайды тудыратынын түсінбеу (абыржу, қиындықты еңсеру үшін тиісті шараларды қабылдауға деген қабілетсіздік; басындағы қиындықтарды өзгелерден жасыру, айналадағылармен байланыстың азаюы, енжарлық, жетістікке сенімсіздік және т.б.);
- ақылға қонымсыз стратегия - қиындықтан шығу жолдарын іздестіруден қашып, барлығы өздігінен шешіледі деп үміттену;
- сөйлеу тілінде бұзылысы бар баламен тұлғааралық қатынаста психологиялық дайындықтың болмауы;
- балада неғұрлым ауыр бұзылыстары бар болуы жайлы ақпаратты ата-аналардың қабылдай алмауы;
- сөйлеу тілінің баланың жасына сай нормалары жайлы білімнің жоқтығы немесе жетіспеуі (дизартрияға шалдыққан баланың жасына сай ерекшеліктері ата-аналардың алаңдатушылығын туғызбауы, сөйлеудің жеңіл бұзылыстары жете бағаланбауы, бұзылысқа мән бермеу, кей жағдайда бұзылыстың бар болуын жоққа шығару);
- тәрбиелеу функцияларын және сөйлеу тілінің бұзылыстарын (дизартрияны) түзету жұмыстарын білім беру ұйымының ұжымына түгелдей артып қою;



- логопедпен, психологпен өзара ресми қарым-қатынасқа деген ынтаның болмауы немесе төмендігі;

- кешенді психологиялық-педагогикалық және медициналық көмекке деген қатынас (немқұрайлылық);

- мектеп жасына дейінгі балалардың отбасыларымен дизартрияны еңсеру бойынша жұмыстар үрдісінде ұсыныстарды сауатты, саналы және тиянақты орындауға деген қабілеттіліктің төмендігі болып табылады.

Дизартриясы бар балалардың отбасыларын психологиялық-педагогикалық қолдау үрдісіне қатысушылар: отбасы және оның мүшелері, логопед, психолог, тәрбиеші, медицина қызметкерлері және т.б. мамандар (музыкалық басқарушы, дене тәрбиесін нұсқаушы) болуы мүмкін.

Негізгі бұзылыстың түріне байланысты логопедтің ата-аналармен өзара қатынасы жұмыстың ең маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан, негізгі бағдарламалық іс-шаралардың тізімі логопед-отбасы, яғни тұлғааралық қатынас негізінде жүзеге асады. Бағдарламаны жүзеге асырушы жауапты, негізгі маман логопед болып табылады.

Дизартриясы бар балалардың отбасыларын психологиялық-педагогикалық қолдау баланы табысты оқыту мен тәрбиелеу үшін арнайы жағдайлар құруға бағытталады, түрлі бағыттағы кәсіби мамандардың қызметтік жүйесін, отбасымен тығыз тұлғааралық қатынас арқылы сойлеу бұзылыстарын түзетуді мақсат етеді. Қолдаудың негізгі бағыттары: қолдау көрсетуші кеңестерінің ұсынымдық сипаты (шешім қабылдау үшін жауапкершілік); жұмысты жүргізудің жүйелілігі; оның мақсатты жоспарлануы; түпкі мақсатқа бағдарлануы; дизартриясы бар балалардың ата-анасын әлеуметтік-психологиялық есепке алу және олардың өзара қарым-қатынасында туындайтын мәселелерді шешу, түзету жұмыстары.

Зерттеу барысында алынған мәліметтерге сәйкес, ата-аналар баланың эмоционалдық жағдайын сезініп, баланың эмоционалдық күйзеліске ұшырау себептерін түсініп және оған қобалжитындығын айтуға болады. Ата-аналардың мектеп жасына дейінгі балалармен әрекеттесуі жақсы сезіммен, эмпатияның бар болуымен, қолайлы эмоционалдық ортамен, баланы қабылдаумен және ата-анасы ретінде оңтайлы қарым-қатынас жасауымен сипатталады.

Ата-аналармен және олардың орнындағы тұлғалармен диагностикалық жұмыс жүргізу барысында, «менімен бәрі ойдағыдай», «мәселе менде емес, менің баламда» деген екпінмен, олар көбінесе диагностикалау жұмыстарына қарсы тұратынын есте ұстаған жөн. Сол себепті жеке диагностикалық жұмысты бастамастан бұрын, ата-анамен психологиялық қарым-қатынас орнатып, мәселені бірігіп шешуді, баланың дамуына тиімді жағдайларды іздестіру қажет.

Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалардың отбасыларын психологиялық-педагогикалық қолдау— отбасымен жүргізілетін іс-шаралардың жаңа бір формасы, сол себепті әдіснамалық негіздері мен нормативтік базалары әлі де болса жетілдіруді қажет етеді. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар отбасын қолдау ұзақ мерзімді көмек түріне жатады. Аталған қызмет біріншіден, кешенді (қызмет түрлері: психологиялық, педагогикалық, құқықтық және т.б.) екіншіден, трансәрттіптік (қолдауды бірлескен жұмыс нәтижесі деп түсінетін, бірыңғай концепцияны ұстанатын кәсіби мамандардың қатысуымен) түрде жүргізілуі қажет. Осы қызметтің ең маңызды тетігі отбасы «ресурсына сүйену».

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар баланы адекватты дамытуға жағдай жасау үшін отбасы мүшелеріне көрсетілетін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік көмек түрлері:

- дизартриясы бар баланың пайда болуына отбасын бейімдеу;
- мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалы отбасыларға психологиялық қолдау көрсету;
- мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар баланы дамыту сұрақтары бойынша ата-аналарға кеңес беру;
- қажетті қызмет, көмекпен қамтамасыз ететін мемлекеттік және қоғамдық қызмет көрсету ұйымдарымен және әлеуметтік, құқықтық кепілдіктер туралы ата-аналарды ақпараттандыру;
- 0-7 жасқа дейінгі балалардың дамуын көпсалалы бағалау;
- а) баланың проблемалары мен қажеттіліктерін анықтау;
- ә) қолдаудың жеке бағдарламаларын құрастыру.
- құрылған қолдаудың жеке бағдарламасына сәйкес, бала мен отбасын көпсалалы қызметпен қамтамасыз ету;
- құрылған қызмет аясында қолдаудың жеке бағдарламасы аяқталғаннан кейін, баланың басқа да жүйелі қызметтерге өтуін қамтамасыз етуге дайындау.

Отбасылық топтармен жұмыстың басты мақсаты - отбасын психологиялық-медициналық-педагогикалық қолдау, сондай-ақ баланың дамуын түзету жұмыстарын ерте ұйымдастыру болып табылады. Оның міндеттері:

1) балаға қатысты:

- психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;
- дамуында қиындықтарды жеңудегі көмек: мінез-құлықты, дағдыларды компенсаторлы түрде орын алмастыру (үйрету);
- баланы білім беру және әлеуметтік қоршаған ортаға барынша бейімдеу;

2) ата-анаға қатысты:

- психологиялық-әлеуметтік көмек (ата-анаға бала дамуындағы бұзылыстарды түсініп, қабылдауда, баласына қатысты дәрменсіздікті еңсеруде көмек көрсету);
- отбасы мен өзге де қызметтер арасында делдалдық көрсету;
- баланың болашақ өмірін қалыптастыру мақсатында өмір сүру жағдайларын және білім алу түрлерін таңдауда көмек көрсету;
- қарым-қатынас жасау қабілетін және өз бетімен дамуын ынталандыру.

Мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар бала және оның отбасымен жүргізілетін оналту жұмыстарының бағыттары:

*Анықтаушы (диагностикалау)* - бұл бағыттан кейін, әр балаға одан әрі білім беру бағыты нақтыланады, әзірленеді.

*Түзетуші* - бағыттың мақсаты дамуында ауытқуы бар балалар бұзылыстарын түзету, сондай-ақ олардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық көмек ұсыну.

*Кеңес беруші* - кеңес беру көмегі жеке кеңес беру жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

*Ақпараттық* - бұл бағыттың шеңберінде ата-аналарға арналған семинарлар, дөңгелек үстелдер, шеберлік сыныптары, дәрістер өтеді, бұқаралық ақпарат құралдарында хабарламалар жарияланады (жергілікті теледидардан бағдарламалар беру, жергілікті газеттерде мақалалар жариялау), ата-аналар, педагогтер мен психологтер үшін буклеттер мен брошюралар шығарылады.

Мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалардың отбасыларын психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі, белгілі уақыт шеңберін қажет ететін, алғашқы, негізгі және қорытынды кезеңдерін қамтиды.

| Қолдау кезеңдері  | Міндеттері   | Технологиясы  |
|-------------------|--|---|
| I. Алғашқы кезең  | 1.1. Мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалардың отбасыларын анықтау.   | Ақпараттандыру, алдын-ала кеңес беру (оның ішінде телефон арқылы).  |
| II. Негізгі кезең | 2.1. Мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар бала тәрбиеленіп отырған отбасына алғашқы кеңесті ұйымдастырып өткізу.  | Отбасылық қажеттілікті (кеңес берудің бірінші кезеңінде) анықтау. Әңгімелесу (қажет болған жағдайда үйлеріне бару), отбасылық желілік әлеуметтік карталарын толғыру.  |
|                   | 2.2. Мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалардың дамуын бағалауды (бастапқы кеңес берудің екінші кезеңі) есепке ала отырып, ұйымдастыру.                                    | Ата-ананың қатысуымен баланың жасын, оның іс-әрекетін ескере отырып, жедел диагностикалау негізінде баланы психологиялық-педагогикалық зерттеу.   |
|                   | 2.3. Мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалардың отбасын қолдау бағдарламасын (бастапқы кеңестің үшінші кезеңі) құру.   | Отбасы мен баланы қолдау бағдарламасын құруда ата-ана мен мамандардың серіктестігі.   |
|                   | 2.4. Жеке қолдау бағдарламалары бойынша отбасы және баламен жұмыс:<br>- отбасында мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалардың дамуы үшін қолайлы жағдай жасауға жәрдемдесу; | Әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық тексеру.<br>Ата-анаға арналған түсінікті форматта дайындалған психологиялық тренингтер, ақпараттық-тәжірибелік семинарлар, түзету және емдік технологиялар, кеңес беру жұмыстары. |

|                             |   |  |
|-----------------------------|---|--|
|                             | <ul style="list-style-type: none"> <li>- баланың дамуындағы мәселелерге ата-аналардың жағымсыз мән беруінің алдын алу, қиын жағдайларды еңсеру;</li> <li>- психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;</li> <li>- әлеуметтік және құқықтық мәселелер бойынша кеңес беру;</li> <li>- ауытқулар мен баланың мінез-құлқының түзету әдістерін үйрету, ата-ананың құзыреттілігін арттыру;</li> <li>- мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуді дамытуға көмек көрсету, ауытқуларды түзету;</li> <li>- мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балаларды тәрбиелейтін отбасы үшін әлеуметтік және қолдау желісін ұйымдастыруға жәрдемдесу.</li> </ul> |  |
|                             | <p>2.5. Отбасын қолдау бағдарламасы аясында мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалар үшін жеке оңалту (жеке оқу жоспары) бағыттарын жүзеге асыру.</p>  | <p>Қысқа мерзімге бару, бейімдеу және қолдау және т.б. топтарына барып баланың қатысуы. Жеке және топтық оқу іс-әрекетін ұйымдастыру және өткізу.</p>                          |
|                             | <p>2.6. Отбасын қолдау жүйесінің тиімділігі туралы кері байланыс орнату. Балалы отбасын басқа бағдарламаларға көшуге дайындау.</p>  | <p>Бағдарламалар мониторингі, ата-аналармен әңгіме, сұхбат құру, сарапшы мамандардың қызметін қадағалау.</p>   |
| <p>III. Қорытынды кезең</p> | <p>3.1. Мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалы отбасын мекеменің шегінде немесе өзге ұйымдардағы басқа жеке оңалту бағдарламаларға (білім беру, әлеуметтік, оңалту және т.б.) көшу барысында қолдау көрсету.</p>  | <p>Отбасы тұрғылықты жері бойынша мекемені таңдауда көмек көрсету. Отбасын қолдау қызметі мамандарының және таңдалған мекеме мамандарының өзара әрекеттестігі (байланысы).</p> |
|                             | <p>3.2. Мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалар мен отбасын қолдау бағдарламасының қорытынды кезеңін бағалау. Қолдау көрсету бағдарламасының аяқталуы.</p>  | <p>Бағдарламалар мониторингі, ата-аналармен әңгіме, сұхбаттасу, сарапшы мамандардың қызметін қадағалау.</p>  |

Бұл деректер мектепке дейінгі түзеу мекемелеріндегі мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалар мен олардың отбасын қолдау жұмыстарын ұйымдастыруды шарттайды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, әрекеттесудегі жетекші рөлді ересек адам атқаратынын атап өту керек, ол өз әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастырып, нақты мәселеге бойұсына отырып орындайды. Үлкен адамдар баланың жағдайын түсінумен қатар, оның себебін анықтай алатын ептілігі бар, алайда ата-аналар әрекеттесу барысында, бұл жағдайға соншалықты қажетті деңгейде көңіл бөлмейтіндігі алаңдатады. Соның салдарынан ата-аналар баламен қарым-қатынас барысында, оларға эмоционалдық қолдау көрсетуге онша бейімделмеген.

Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі дизартриясы бар балалардың отбасыларын психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасы (моделі) мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен отбасы арасында ынтымақтастық ұйымдастыруға, дизартрия түрлеріне байланысты түзету үрдісінде баланың микроәлеуметтік ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

- 1 «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.
- 2 Ерментаева А.Р. Жоғары мектеп психологиясы: Оқулық – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012.
- 3 Өмірбекова Қ.Қ., Төлебиева Г.Н. Дизартрия. Оқу құралы. – Алматы, 2010.
- 4 Зайцев Д.В. Социальная интеграция детей-инвалидов в современной России. - Саратов: Научная книга, 2003.
- 5 Шаповал И.А. Специальная психология: Учебное пособие. – М.: ТЦ Сфера, 2005

#### Резюме

#### Психолого-педагогическое сопровождение семей, имеющих детей с особыми образовательными потребностями дошкольного возраста

Даурамбекова А.А. – ст. преподаватель кафедры специального образования КазНПУ имени Абая

В статье рассматриваются проблемы, связанные с вопросами психолого-педагогического сопровождения родителей, воспитывающих детей с нарушениями речи дошкольного возраста. Представлено описание психологических проблем семей, воспитывающих детей с нарушениями речи. Раскрывается содержание психолого-педагогической помощи такого рода семьям.

**Ключевые слова:** психолого-педагогическое сопровождение, нарушения речи, семья, психолог, логопед, родители, дошкольники.

#### Summary

#### Psycho-pedagogical support of families with children with special educational needs of preschool age

Daurambekova A.A. - senior lecturer of department of special education of KAZNPYU named after Abai Almaty

The article deals with the problems associated with the issues of psychological and pedagogical support of parents with children with speech disorders of preschool age. Presented the description of the psychological problems of families with children with speech disorders. Expands the content of the psychological and educational assistance to the families of this kind.

**Keywords:** psychological and pedagogical support, speech disorders, family, psychologist, speech therapist, parents, preschool children.

УДК : 376.1

#### КӨРУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ФИЗИКАЛЫҚ ТҮРҒЫДА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

У.А. Мирзахмедова – Абай атындағы ҚАЗҰПУ-нің 6М010500 – Дефектология мамандығының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекші: А.Н. Аутасва – доцент, п.с.г.к., Абай атындағы ҚАЗҰПУ, арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі, akbota-n@mail.ru

Бұл мақалада бастауыш саты – оқушыда, оның интелектісі дамуының іргетасы танымдық әрекеті қалыптасуының қуатты жүретін кезеңі. Танымдық түрлерін меңгеру оқушы ойын тәртіптеп, оның белгілі бір бағыты жүйелі «арнамен жүруін» қамтамасыз етеді; жеке тұлғаның негізгі психикалық үрдістері қалыптасып, ырықты, зейін, рефлексия, өзін-өзі бақылау, әрекет амалдың ішкі жоспары сияқты нысандар пайда болады.

**Түйін сөздер:** бастауыш сынып, көру қабілеті зақымдалған балалар, бағдарлау мүмкіндіктері, іс-әрекет, бағыттық белгілер.

Нашар көретін және көрмейтін (соқыр) балалар қалыпты балалар тәрізді өзінің физикалық және психикалық даму барысында өзгеріп отырады. Әрбір жас ерекшелік кезеңдері физикалық дамудың жоғары деңгейімен сипатталып, оның ақыл-ой дамуымен де байланысты болады. Қалыпты жағдай тәрізді балалар дамуының келесі жас ерекшелік кезеңдері ажыратылады: сәбилік, мектеп алды балалық шақ, жоғары мектеп жасы. Жас ерекшелік кезеңдерінің қалыпты жағдай мен ауытқушылық кезіндегі дамуын есепке алсақ, аталмыш балалардағы биологиялық даму темпіндегі кейбір артта қалушылықтарды да байқауға болады [1].

Нашар көретін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өсіп келе жатқан жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу жүйесіндегі қағидалар негізінде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, оларды тәрбиелеу мен оқыту өзіне тән бірқатар ерекше міндеттер мен қағидаларға ие болып, ол бағыттар жетілмеген функциялардың және зақымдалулардың орнын басу және түзету, қалпына келтіру, дифференциальды оқытуды ұйымдастыру мен аталмыш балаларды өмір мен еңбек дағдыларына дайындауға бағытталады [2].

Атап кететін жайт, нашар көретін балаларды оқыту мен тәрбиелеу ерекшеліктері жалпы заңдылықтар мен балалардың дамуындағы арнайы ерекшеліктерді есепке ала отырып бағытталады: баладағы сау денсаулық мүмкіндіктері мен сақталған мүмкіндіктері, ажыратып оқыту түрі, жұмыстың арнайы формалары мен әдістерін қолдану, оқу материалдарын бөлу мен таратуда ерекше оқулықтар түрін, көрнекі құралдарын, және құрал-жабдықтарын қолдану т.б. Басты назар аударатын жайт, түзеті-тәрбиелеу жұмысы егітеп-қалпына келтіру жұмыстарымен үйлесуі керек [3].

Нашар көретін балаларға арналған мектептердегі дене шынықтыру сабақтары баланы жан-жақты дамытуға, қажет дағдылар мен қабілеттерді қалыптастыруға бағытталып, жалпы, физикалық даярлықтың жоғарғы жан-жақты деңгейіне жету негізіндегі мақсаттарға бағытталады.

Наша көретін балаларға арналған мектептердегі дене тәрбиесінің негізгі міндеттері – қозғалыс бұзылыстарын түзету, денсаулығын нығайту, ағзаны шынықтыру, нашар көретін бала бойында екінші кемістіктің алдын алу, сол жас ерекшелігіне сай физикалық даму деңгейіне жету (координациясы, нақтылығы, дәлдігі, қозғалыстың жылдамдығы бойынша және шыдамдылық т.б) болып табылады.

Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарының арнайы міндеттеріне: нашар көретін бала бойындағы жасқаншақтық пен қозғалыс шектеулігін жою, естуге бейімделу дағдыларын дамыту, бұлшық еттеріне физикалық жаттығулар арқылы ықпал ете отырып, бұлшықет сезімдерін дамыту.

Бұл балалардың физикалық және психикалық даму ерекшеліктеріне орай арнайы мектептердегі физикалық тәрбиелеу сабақтары өзінің ерекшелік сипаттарына ие. Дұрыс физикалық тәрбие мен қозғалыс дағдылары мен қабілеттерін меңгеру физикалық даярлықтың жетіспеушіліктерінің орнын толтыруға бағытталады. Көру анализаторының бұзылысы нашар көретін балалардың компенсаторлы мүмкіндіктерінің дамуы негізінде физикалық жаттығуларға үйретудің сипатына да ықпал етеді [4].

Физикалық жаттығуларды орындау барысында балалар бұзылыстың клиникалық сипатына орай екі топқа бөлінеді. Бірінші топқа: түпкі көз ішінің өзгеру сипаты бар жақыннан көрмеушілік, көз жарықшасының өзге жаққа қозғалуы, қылилық; ал, екінші топқа: көру жүйкесінің атрофиясы бар балалар мен алыстан көрмеушілік, альбинизмі бар балалар жатқызылады. Әр топ үшін өзіндік жаттығулар таңдалынып алынып, ол денсаулық және көру қабілетінің сипатын орай болады.

Алғашқы топтағы балалар үшін айтарлықтай жүйке-бұлшықеттің тартылуы сияқты жаттығулар тыйым салынса (желкемен, баспен тез қозғалу, жылдамдық пен ұзақтыққа секіру; иықпен, баспен, қолға сүйене тұру, коньки мен шаңғыларда сырғанау т.б), ал екінші топ балалары үшін нашар көретін және көрмейтін (соқыр) балаларға арналған мектеп бағдарламасындағы жаттығуларды орындауға болады. Олардың міндеттері келесі бағытта болады:

- Мектеп оқушылары бойында өмір сүру барысында қажет шыдамдылық, ептілік, координациялық қозғалыстың нақтылығы сияқты қабілеттер мен дағдыларды қалыптастыру мен жетілдіру;
- Қозғалмалы ойындар, секіру, өрмелеу, тепе-теңдік, шаңғы тебу, коньки тебу, ритмикалық жаттығулар сияқты шынайы қимыл-қозғалыс түрлеріне оқыту;
- Статистикалық тұрыс барысында денені тік ұстау, қозғалыс пен тыныс алуды дұрыс үйлестіру, дене шынықтыру сабақтарында гигиеналық талаптармен танысу сияқты дағдыларын қалыптастыру;
- Көру, есту, сезіну арқылы кеңістікке бейімделуде балалардың қорқынышын жеңуіне басты назар аударған дұрыс. Физикалық тәрбиелеу үрдісінде әр оқушыларға жеке ықпал ете білу керек. Ол үшін балалардың функционалды мүмкіндіктерін мұқият зерттеп, жаттығулар мен олардың ұзақтығын таңдауда, оларды қайталау ұзақтығында баланың көру жағдайы мен дәрігер окулистің кеңестерін есепке алу керек [5].

- Көру қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс барысында (баланың аномальды дамуында) қозғалыс жүктемелерін ұлғайту түзету –тәрбиелеу жұмысының соңғы қажет жағдайы болып табылады.

- Нашар көретін және көрмейтін балалар үшін жас ерекшеліктері мен денсаулық жағдайларына қарамастан (екі топ үшін де) келесі жаттығуларды орындау міндеттеледі: сапқа тұру, затпен және затсыз жалпы дамыту жаттығулары, доппен жаттығу, дене тұрысын түзу ұстауға арналған жаттығулар; тепе-теңдік, координацияны ұстауға арналған жаттығулар, ритмикалық ырғақтар, көріп бақылаудан тыс бейімделу жаттығулары, қарапайым және күрделі реакцияларын дамытуға арналған жаттығулар, белгіленген темп бойынша далада таза ауада серуендеу т.б. Балалар үшін бұлшықет пен жүйке бұлшықет жүйелерінің қысымын, жүктемелерін талап ететін жаттығулар жасауға тыйым салынады. Дене шынықтыру бойынша сабақ мазмұны балалардың қозғалыс функцияларын қалыптастыру сипатында болып, көру қабілеті зақымдалған балалардың физикалық даму көрсеткіштерін теңестіру мен жақсартуға мүмкіндік береді [6].

- Атап өтетін жайт, дәл осы физикалық жаттығулар көру қабілеті зақымдалған балалардың көру ауытқушылықтарының орнын басуға септігін тигізіп, яғни бір рецепторларды қосу арқылы қозғалыс анализаторына сүйене отырып, баланың кеңістікке бейімделуін жүзеге асыруға болады. Сондықтан кешенді рецепция негізінде нашар көретін балалар өздерінің еңбек әрекеттерінде үлкен мүмкіндіктерге жетеді деген В.С. Сверлованың, И.М. Земцованың зеттеу жұмыстары өте маңызды болып саналады. Орын толтыру заңдалақтарына сүйене отырып, ғылыми негізделген құралдар көмегімен баланың ақыл-ой және физикалық мүмкіндіктерін жан-жақты дамытуға болады.

Мақсатты бағытталған педагогикалық ықпал ету үрдісінде нашар көретін оқушылардың қозғалыс қасиеттерін дамыту мен қозғалыстарын қалыптастыру қалыпты балалармен салыстырғанда әлдеқайда баяу жүреді, ол балалардағы ортаны тану, кеңістікке бейімделу, өз қимылын басқару мен реттеудегі жетіспеушіліктер сипатымен байланысты болады.

А.И. Каплан физикалық жүктемелердің оптимум жағдайындағы физикалық жаттығулар үлкен жалпы дамытушылық нәтиже әкеледі деп есептейді. Бірақ, ғылыми әдебиеттерде нашар көретін балалар үшін оптимальді жүктемелер туралы мәліметтер қоры жоқ.

В.С. Полюнкин нашар көретін балалардың бұлшықеттік жұмыс қабілетін дамыту үшін физикалық жаттығулардың нормасын есепке ала отырып, түрлі сипаттағы жаттығуларды орындау арқылы (жылдамдық-күштік, шыдамдылық) шаршау дәрежесін басқарудың объективті критерийлерін ашумен айналысқан. Автор келесі нормаларды келтірген: кіші сынып жасында нашар көретін оқушылар жылдамдық жаттығуларын 4-5 рет орындай алады; орта жаста ол 5-6 құраса, жоғары сынып жасында 6-7 құрайды. Әр серия арасындағы үзіліс 3-4 мин тең болып келеді. Жылдамдық –күштік жаттығулардың 70 % нашар көретін кіші сынып оқушылары 25 сек дейін орындай алса, орта сынып жасында ол 45 сек, ал жоғарғы сынып жасында балалар аталмыш жаттығуды 60 сек орындай алады екен. 1 мин созылатын 3-4 рет қайталанбалы шыдамдылықты, төзімділікті дамытуға негізделген жаттығуларды балалар кіші сыныпта орындай алатын болса, орта сынып жасында ол 2 мин құрайды. Күштік динамикалық аймақтық сипаттағы жаттығуларды нашар көретін оқушылардың әрқайсысы 7-10 рет орындай алады. Жоғарыда көрсетілген жаттығулар жұмысқа қабілеттілігін артыру үшін ұсынылған болып табылады.

Бірқатар зерттеушілер тобы нашар көретін оқушылармен физикалық жаттығуларды жасау барысында өлшемдерін сақтап, 4-5 қайталанатын жаттығуларды ақырындап қана ұлғайтып, 8-12 рет жасауға жеткізуге болатындығын айтқан. Олар жаттығулар барысына тыныспен жұмыс, волейбол ойынының кей элементтерін (допты жоғарыдан және төменнен беру), баскетбол ойынының (сакинаға доп салу) сияқты элементтерін, бадминтон ойынын, орта темптегі теннис ойындарын т.б қосуға болатындығын айтып өткен. Физикалық жаттығуларды орындау барысында нашар көретін балалардың жүрек қағысы минутына 110-120 рет соғады екен. Бұл аз мөлшердегі жүктеме көрсеткіші, ал орташа көрсеткіш жүктемесінде ол минутына 150-170 құраса, ал жоғарыда ол – 150-170 соққыны құрайды. Сондықтан физикалық сабақтан соң баланы қатты шаршатпау керек. Жүйке-бұлшықет жаттығуларының жүктемесі сабақ барысында орташа болып, ағзаның шаршауы мен көру қабілетінің төмендеуіне әкелмеуі керек.

Дене шынықтыру сабағын өткізу өзінің ерекшелік сипатына ие. Бұл ең алдымен нашар көретін балалармен сабақ барысында сабақ берудің көрнекі әдісін қолдау мүмкіндігінің өзге сипаты. Қозғалысты зерттеу үшін бала тындап және сезіп қабылдай алуы керек.

Нашар көретін балалардың қозғалыс әрекеті үрдісінде есту мен сезіну процесіне деген жүктеме арта түседі. Түзету жұмыстары мағыналық, реттеу сипатына ие болып, түзетушілік-тәрбие жұмысының нәтижесі сөзбен басқару кезінде арта түседі.

Нашар көретін оқушылардың физикалық дамуы келесі формаларды қамтиды: таңғы гигиеналық гимнастика, физикалық шынықтыру сәттері, таза ауада серуендеу, әуенмен сүйемелденетін ритмикалық гимнастикалар, көру қабілеті зақымдалған балалардың функциональді мүмкіндіктерін есепке ала отырып жүргізілетін спорттық кей элементтері бар сабақтар.

Физикалық жаттығулар міндетті түрде шынықтыру процедураларын қамтиды.

Көру қабілеті зақымдалған балаларды физикалық тәрбиелеу бойынша жұмыстар дене шынықтыру, емдік гимнастика сабақтарымен шектелмей, олар міндетті түрде қозғалыс белсенділігінің жоғарыда көрсетілген формаларымен толықтырылуы керек.

Нашар көретін балаларды дене шынықтыруға оқыту процесінде қозғалысты сезініп бақылау мен реттеудің тәсілдері мен әдістері пайда болып, олар орын басушылық сипатта балалар тарапынан келеі жаттығуларды жасай отырып, көптеген жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді: қимылдың нақтылы-

ғы, координациясы, шыдамдылық т.б. Нашар көретін балалардың физикалық дамуында терең сипаттағы арнайы ерекшеліктерді байқауға болады. Соның ішінде толыққанды жетілмеген көру қабілеті, жылдамдық пен секіру, с.с.с жаттығуларды орындау барысында қозғалысты реттеудің жеткіліксіз реттеуші құралы болып саналады. Нәтижесінде барлық жастағы көру қабілеті зақымдалған балаларда қозғалыс қасиеттерінің дамуындағы артта қалушылықтар кездесіп жатады: төзімділік, бұлшықет күші, жүгіру мен жылдамдық бойынша т.с.с

Көру қабілеті зақымдалған балалармен жұмыс барысында қауіпсіздік ережелерін ұстанып, жарақаттардың алдын ала білу керек. Еске алатын жайт, нашар көретін оқушылардың адекватты емес физикалық жүктемелері үдемелі ауруларын асқындыруы мүмкін.

Нашар көретін оқушыларды физикалық тәрбиелеу үрдісі қозғалыс бұзылыстарын түзету бойынша кешенді түрде ұйымдастырылған жұмыс барысын талап етеді. Яғни, оқу және сыныптан тыс әрекеттерінің үйлесімділігі мен балалардың қозғалыс сфераларын қалыптастырудың оңтайлы жағдайларын тудыру болып саналады [7].

Арнайы бағытталған дене шынықтыру сабақтары мен түзету сабақтарының жүйелерін қолдану арқасында қозғалыс анализаторында өзгерістер туындап, бұлшықет жұмысы жақсарып, жүрек – қантамыр және тыныс алу әрекеттерінің жұмыстары қалпына келіп, аталмыш жағдайлар баланың денсаулығын жақсартып түседі екен.

Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау барысы көру қабілеті зақымдалған балалардың координациялық қабілеттерін зерттеу мәселесі өзекті болып табылатындығын көрсетті. Әдебиеттерде көру қабілеті зақымдалған балалар «дені сау балалардан» биологиялық жетілу темпі бойынша артта қалып, оларда физикалық даму деңгейлерінің төмен болатындығын көрсетті (бойы, салмағы, кеуде қуысының көлемі мен өзге де антропометрикалық көрсеткіштер). Бұл көру бұзылысының баланың қалыпты даму жағдайын тежеуімен тікелей байланысты. Көру жүйесінің бұзылысы мен ауытқушылығы баланың қозғалыс қасиеттерінің қалыптасуына (күші, жылдамдығы, төзімділігі т.б) сонымен қатар координациялық қабілеттерді дамытуға (тепе-теңдікті сақтау қабілеті мен кеңістікке бейімделу қабілеті, іс-әрекетін реттеу қабілеті) ықпал етеді. Бүгінгі таңда көру паталогиясы бар балалардың қимыл әрекеттерінің дамуын зерттеу бойынша тек фрагментарлы зерттеу жұмыстар ғана бар. Ал, көру қабілеті зақымдалған балалардың координациялық қабілеттерінің даму заңдылықтарын зерттеу мен оларды бағалау критерийлері бойынша ақпараттар жоқты қасы. Біздің ойымызша, көру қабілеті зақымдалған балалардың координациялық қабілеттерін дамыту мен жетілдіру бойынша әдістемелер, ғылыми шығарылымдар бүгінгі күні жеткілікті болып отыр.

1 Ермаков В.П., Якунин Г.А. Развитие, обучение и воспитание детей с нарушениями зрения. Справ.-метод. пособие для учителя. -М.: Просвещение, 1990. 223с.

2 Азарян Р.Н. Физическое воспитание слепых и слабовидящих школьников в режиме дня. М., 1987 г. - 81с.

3 Горбылева И.Л. Психолого -педагогическая коррекция средствами искусства в дошкольных учреждениях для детей с нарушением зрения // Дефектология. 1997. №6.-С. 60-69.

4 Психомоторика: Сб. науч. тр. /Под ред. Ашмарина Б.А., Ильина Е.П. М., 1976. - 128 с.

5 Бобков Г.А. Влияние индивидуально дозированных физических нагрузок на развитие некоторых двигательных качеств у слепых школьников: Сб.науч. тр. / Под ред. Сермеева Б.В. Горький, 1980.- С 20-22.

6 Жигарев А.М. Воспитательная работа в школе-интернате для слепых детей. М., 1986.-С. 20-28.

#### Резюме

#### Особенности физического воспитания детей с нарушениями зрения

У. Мирзахмедова - магистрант 2 курса, КазНПУ имени Абая

Научный руководитель: Аутаева А.Н. -к. Психол.н, доцент КазНПУ имени Абая

В статье рассматриваются особенности базовых координационных способностей детей 9-10 лет с нарушениями зрения.

**Ключевые слова:** начальное образование, дети с нарушениями зрения, координационные способности, мотивация, пространственное ориентирование.

#### Summary

#### Features of physical training in children visually impaired

U.Mirzakhmedova - undergraduate Kazakh National pedagogical university named after Abai , Almaty

A. Autaeva - Kazakh National pedagogical university named after Abai, Almaty,

In this article the state of base coordinating capabilities of schoolchildren with visual impairment 9 – 10 .years old are discusses

**Keywords :** primary education, children with visual impairment, coordinating capabilities, motivation, spatial orientation.

УДК: 376.37

## ДИЗАРТРИЯСЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУІН ДАМУ ТУ ЖОЛДАРЫ

Қ.Қ. Өмірбекова – п.ғ.к. Абай атындағы КазҰПУ-дың арнайы білім беру кафедрасының профессоры

Байланыстырып сөйлеу тілі – бұл сөйлеу іс әрекетінің күрделі түріне жатады. Сөйлеу тілі дамымаған балалардың байланыстырып сөйлеуінің қалыптасуы және дамуы мәселелерін зерттеушілердің көпшілігі алдымен оны қалыптастырудың алғышарттарын дамытудың маңыздылығын айтады. Мақалада мәселеге қатысты заманауи көз қарастарды дизартриясы бар балалардың психологиялық педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың байланыстырып сөйлеуін дамыту жолдары қарастырылады.

**Түйін сөздер:** дизартриясы бар балалар, байланыстырып сөйлеу, алғышарттары, алгоритм.

Сөйлеу тілі дамымаған балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту кешенді түзету педагогикалық жұмысының негізгі бағытына жатады. Көптеген зерттеушілер сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалардың байланыстырып сөйлеуінің ерекшеліктерін атай отырып, алдымен оны қалыптастырудың алғышарттарын дамыту жұмыстарын жүргізудің маңыздылығын баса айтады (Р.Е.Левина, Т.Б.Филичева, К.В. Комаров т.б.). Зерттеушілердің пікірлерін, дизартриясы бар балалардың психологиялық – педагогикалық ерекшеліктерін және зерттеу барысында жүйеленген түзету жұмысының қағидаларын басшылыққа ала отырып, олардың байланыстырып сөйлеуін дамыту екі бағытқа бөліп қарастырылды:

- байланыстырып сөйлеудің алғышарттарын дамыту;
- ауызша байланыстырып сөйлеуін дамыту.

Дизартриясы бар балалардың байланыстырып сөйлеуінің алғышарттарын дамыту жұмысы келесідей бағыттарды қамтиды:

- сөйлеу белсенділігін арттыру қоршаған орта туралы түсінігін молайту;
- психикалық процесстерді дамыту;
- моторикалық аяны дамыту;
- сөз қорын молайту.

Байланыстырып сөйлеудің алғышарттарын дамыту жұмысының мақсаты, тәсілдері келесідей кестеде көрсетілген.

| Жұмыс бағыттары                        | Мақсаты  | Жұмыс тәсілдері  |
|--|--|--|
| Сөйлеуге белсенділігін арттыру         | Үлкендердің сөзін, нұсқауын тыңдауға, жауап беруге, қолжетімді қарапайым ертегілерді тыңдауға үйрету   | Әңгілесу, инсценировка, ойындар: «Ойлан тап», «Кім дұрыс айтады», «Қателеспе» т.б.   |
| Қоршаған орта туралы түсінігін кеңейту | Қоршаған орта туралы түсінігін анықтау, орта туралы нақты түсінігін қалыптастыру (түр, түс, көлем т.б.). Заттарды бақылап тану, атау, өз денесін, жақын органы, кеңістікті бағдарлауын қалыптастыру. | Заттарды бақылау, түрі, түсі, көлемі бойынша салыстыру. Ойындар: «Осындай затты тап», «Кім қайда отыр» т.б. Кеңістікті бағдарлауын дамыту тәсілдері: оң, сол қолымен дене мүшелерін орындау, сызба бойынша заттарды орналастыру, заттардың кезектілігін оңнан солға, төменнен жоғары атау т.б. |
| Психикалық процесстерін дамыту         | Танымдық процесстерін, зейінін, логикалық ойлауын, көріп, естіп қабылдауын, есте сақтауын дамыту   | Ойындар: «Төртінші артық», «Не өзгерді», «Кім зейінді», «Айырмашылығын тап» т.б. жұмбақ шешу, жауабын сипаттау, суреттегі бейнеленген іс-  |



|                          |   |   |
|--------------------------|---|---|
|                          |   | әрекеттің кезектілігін, себебін анықтау т.б.  |
| Моторикалық аясын дамыту | Баланың қимыл белсенділігін арттыру, артикуляциялық, қолдың ұсақ, жалпы моторикасын дамыту қимылдың статикалық, динамикалық үйлесімділігін дамыту   | Арнайы артикуляциялық жаттығулар, саусак гимнастикасы, штрихтау, бояу, кесу, жапсыру, құрастыру, ұсақ заттарды іріктеу, жинақтау, таяқшалардан фигура құрау т.б. статикалық қимылды дамыту «Көзілдірік», «Ара», «Қайықта» «Шапалақтау» т.б. жаттығуларды қолдану. |
| Сөз қорын молайту        | Енжар, белсенді сөз қорын молайту, нақтылау, белсендіру, мағынасын түсіну. Қоршаған ортаға қатысты қатысты заттың атауын, оның қимылын, сапасын білдіретін сөздермен толықтыру, молайту. Қолжетімді грамматикалық категорияларды қолдану. | Бағдарламадағы тақырыптар бойынша әңгімелесу, мәтін, ертегілерді тыңдау, сұраққа жауап беру, суретпен жұмыс жүргізу, мәтіннен ұқсас сөз біріктерін табу, сөз ойлау т.б.   |

Дизартриясы бар балалардың барлығына тәні сөйлеу іс-әрекетінің бұзылуы, олардың сесорлық, интеллектуалдық, ерік –жігер сфераларының дамуына әсерін тигізеді. Соған байланысты ауызша сөйлеу тілін дамыту жұмысын жоғарыда аталған бағыттарды қамти отырып жүргізу тиімді.

#### Ауызша сөйлеу тілін дамыту

Баланың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту жұмысы әр түрлі құрылымды сөйлемдерді құрау дағдысын қалыптастырудан басталады: А.Н.Гвоздевтің айтуынша «Сөйлем – баланың сөйлеу тілінің дамуында үлкен роль атқарады. Ана тілін меңгеру түрлі сөйлемдерді меңгерумен сипатталды».

Сөйлем құрау дағдыларын дамыту жаттығуларын дамыту жаттығулар мен тапсырмалар:

1. Екі сурет бойынша (бала, алма, қыз, кітап) сөйлеу құру, сөйлемді сөздің тұрлаусыз мүшелерімен толықтырып кеңейту. (Бала алма жеп отыр. Бала тәтті, қызыл алма жеп отыр. Қызыл койлек киген бала тәтті, дәмді алма жеп отыр).

2. 3-4 сурет (карточка) бойынша сөйлем құрау.

|     |     |       |
|-----|-----|-------|
| Апа | нан | пышақ |
|-----|-----|-------|

|     |      |       |
|-----|------|-------|
| қыз | орын | кітап |
|-----|------|-------|

- Ретсіз берілген сөздерден сөйлем құрау (барды, балалар, саяхатқа, тауға, бала, тау, бару, саяхат)
- Сөйлемдегі жетімеген сөзді табу (Балалар көлде .... жүр)
- Сөйлемді аяқтау (Балалар көлде ...)
- «Жанды суреттер» бойынша сөйлем құру (фланелеграфта әртүрлі суреттер, іс-әрекеттерді көрсету бойынша).
- Мағынасы бойынша сөйлемдерді дұрыс ретпен құру (Әжем қағаз пышақпен нан кесті. Жаңбыр жауды, өйткені атам қолшатыр алды.).
- Тірек сөздермен сөйлем құрау (Бала, мұғалім, оқиды, жазады, жуынды т.б.).
- Жнауралар туралы сөйлем құрау. Үй жануарлардың төлдері қалай аталады? Өскенде олар қалай аталады (құлын – жылқы, бұзау - сиыр) қандай пайдасы бар? (сиыр сүт береді, жылқы жүк тасиды, көлік болады т.б.)
- Себеп –салдарларды анықтау, сөйлем құрау, оларды әңгімеге қосу. (доп ойнап жүрген бала, сынған терезе).
- Логопедтің бастауы немесе аяқтауы бойынша әңгіме ойластыру, айту. (Жаңбыр жауып тұр. Бала далаға шықты ... Бала тамағын байлап жатыр).

12. Қиалдау элементтерін қосып сөйлем құрау. «Қиялшылдар» ойыны (Бақтағы ағашта алтын алма өсіп тұр т.б.).

Ауызша сөйлеу тілін қалыптастырудың бастапқы кезеңінде диалог және шағын әңгімелер құрастыру дағдыларына дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Зергтеушілер (Рахметова С.А., Баймуратова Б.Б., Бакреденова А.Б. т.б.) сөйлеу тілінің дамуы диалогтан бастап монологке қарай дамиды деген көзқарасты ұстанады. Диалог сөйлеудің алғашқы қолжетімді түрі болып саналады. Диалогтың құрылымы өте қарапайым және қысқа болып келеді. Түсінікті болу үшін диалог барысында қосымша құралдар (ым, ишара, интонация) қолданады. Мектеп жасына дейінгі кезеңде тілдің диалогтік түрін дамытудың маңыздылығын атай отырып, диалог барысында сөйлем құрау дағдылары жетіліп, шағын көлемді әңгімелер құрау дағдылар жетіледі деп көрсетеді.

Сөйлеу тілі бұзылған балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту барысында қолданылатын жұмыс түрлеріне тоқталайық.

Әртүрлі тәсілдердің көмегімен балалар шағын әңгіме құрастыру дағдыларын меңгерсе (сұраққа толық жауап беру, таныс заттарды салыстыру «алма - лимон» т.б.) біртіндеп сипаттама әңгімелерді құрастыру көшуге болады.

Сипаттау әңгімелерді құрастыру барысында дизартриясы бар балаларды заттық, жануарлардың іс-әрекетін, негізгі белгілерін, ерекшеліктерін анықтап, табуға үйрету қажет. Содан соң негізгі белгілері сипаты бойынша заттарды, жануарларды тауып, өздері жұмбақ және әңгіме құрастыруға үйренеді. Анықтауыш эксперимент барысында сипаттайтын әңгімені құрастыруда бір затты әр бала өзіндік кезектілігімен сипаттайтыны көбінесе олар заттың кездейсоқ белгілерін атайтыны байқалады. Осындай ерекшеліктерді ескере отырып жануарларды, құстарды сипаттап әңгімелеуде төмендегідей алгоритмді қолдану тиімді.

1. Атауы, жалпылама ұғым (неге жатады: үй жануарлары, құс т.б.)
2. Көлемі
3. Түсі
4. Дене мүшелері (ерекшеліктері)
5. Қайда мекендейді (орманда, үйде т.б.)
6. Қайда тұрады (інде, үйшікте, бұтақта т.б.)
7. Немен қоректенеді
8. Төлдерін, балаларын қалай атайды
9. Пайдасы
10. Ажырату
11. Жіктеу

Затты сипаттау алгоритмі:

1. Атауы
2. Көлемі
3. Салмағы
4. Сапасы
5. Түрі (формасы)
6. Түсі
7. Иісі
8. Дәмі
9. Жалпылама ұғым (неге жатады) ажырату
10. Қалай пайдаланылады

Алдымен балалар сипаттау әңгімелерді үлгі бойынша яғни (логопед бір затты (алманы) сипаттайды, ал бала соған ұқсас затты өзі сипаттайды (алмұрт т.б.)). Содан соң бала сызбаға сүйеніп, логопедтің көмегімен әңгімелейді. Сызбаны қолданбас бұрын логопед оның шартты белгілерімен балаларды таныстырады, жаттықтырады. Сонымен қатар, әңгіме құрастыруын қалыптастыру барысында, дизартриясы бар балалардың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып әр түрлі жұмыс түрлерін кеңінен қолдану қажет. Трафарет бойынша заттардың суретін салу, қию, бояу, 2-3 бөлшекте, тұратын заттың суретін құрастыру, пластилиннен жасау санау, затты көрмей, сезіп анықтау т.б. және өздерінің жұмыс нәтижесін талдап, бағалау. Сабақ барысында баланың моторикалық аясын, танымдық процестерін дамытуға бағытталған тәсілдерін кеңінен қолдану түзету-педагогикалық жұмыстың тәсілдерінің тиімділігін, нәтижесін арттырады.

Сюжетті, ілеспелі сурет бойынша байланыстырып сөйлеуін калыптастыруда дизартриясы бар балаларда кездесетін кейбір ерекшеліктерін ескеру қажет. калыпты дамыған балалармен салыстырғанда дизартриясы бар бала көбінесе суретті оңнан солға немесе төменнен жоғары қарай қарайды. Бұл ондай балалардың оптикалық – гностикалық функциясының бұзылуын көрсетеді. Сонымен қатар әңгімелері қысқа, тек кейіпкерлердің іс-әрекетін айтумен шектелсе, бірде суретте жоқ оқиғаларға ауысып кетуі байқалады. Дегенмен ілеспелі суреттер бойынша әңгіменің негізгі мазмұны сақталып, дұрысырақ айту мүмкіншілігі жоғарырақ болады. Суретті қарап танысу барысында мазмұнын дұрыс түсініп, жеткізуге қажет сөздерді, сөйлемді дұрыс айтуға, оқиғаның себеп-салдарын анықтауға логикалық ойлауын дамытуға бағытталған әр түрлі жаттығулар жүргізіледі.

- Балаларға ілеспелі сурет беріп кезектілігін сақтап реттеп қою.

- Логопед ретсіз қойған суреттердің қатесін табу. Суреттің қатесін тауып сурет бойынша лексикалық, грамматикалық жаттығуларды орындап, әңгіме, құрастырады, тақырып ойлайды.

- Сұрақ бойынша әңгіме құрау

- Суретке сүйеніп бастаған әңгімені аяқтау т.б.

Сурет бойынша әңгіме құрастыруда төмендегідей алгоритмді қолдануға болады:

1. Оқиғаның мерзімі (жыл мезгілі, тәуелік т.б.)
2. Ауа райы
3. Оқиғаның орны
4. Басты кейіпкерлері, есімдері
5. Оқиғаның мазмұны (іс-әрекеттері, кезеітілігі, толықтылығы, себеп-салдары)
6. Суреттегі кейіпкерлердің көңіл-күйі
7. Қорытынды

Ауызша сөйлеу тілін дамыту барысында әртүрлі мәтіндер кеңінен қолданылады. Мәтінмен жұмысының алғашқы кезеңінде балаларға әңгіменің құрылымын түсіндіріп, оның мазмұнын айтуға қажет сөздерді іріктеп, сөйлеп құрау дағдыларын калыптастыруға, жалғау, жұрнақтарды ережеге сәйкес дұрыс қолдануға көңіл бөлу қажет. Мәтіннің негізгі мазмұнын дұрыс түсініп, жеткізу үшін әртүрлі қосымша тәсілдерді қолдану тиімді. Мәтіннің мазмұны бойынша берілген ілеспелі суреттер, сызбалар, сөз тіркестері, әңгіменің кіріспесі (басы), аяғы, әңгімені толықтыру, сөйлем моделдерін, заттық-графикалық жоспар т.б. қолдану.

Қоршаған орта туралы түсініктері сөйлем құрау дағдылары біршама калыптасқан балалармен байланыстырып сөйлеуін дамыту барысында «Синквейн» әдісін қолдануға болады. Синквейн – француз тілінен аударғанда «бес жол» немесе бес қатарлы өлең деген мағынаны білдіреді, яғни ұйқассыз бес жолдан тұратын өлең құрау әдісі. «Синквейн» әдісін құрастыру ережесі:

Бірінші қатар – бір сөз, басты мақсаты көрсетуші қарапайым зат есім;

Екінші қатар – басып ойды сипаттайтын сын есім;

Үшінші қатар – үш сөз, тақырып аясында іс-әрекетті сипаттайтын етістік;

Төртінші қатар – тақырыпқа қатысты бірнеше сөзден тұратын фраза құрастыру;

Бесінші қатар – тақырыптың мәнін ашатын біріншісімен байланысты сөздер.

Мысалы: 1) шырша

2) жасыл сәнді

3) өседі, таң қалдырады, қуантады.

4) мен мерекелік шыршаны жақсы көремін.

5) қыс, жаңа жыл, балалық шак.


Ескерту: «Синквейн» әдісін қолданғанда балалардың сөйлеу мүмкіншіліктеріне байланысты алдымен дайындық жұмысын жүргізу керек.

Балаларды ауызша әңгіме құрастыруға үйрету үрдісінде дыбыс айтуын жетілдіру, сөз қорын молайту және белсендіру, сөйлеу тілінің грамматикалық жағын дамыту жұмыстары қатар жүргізіледі сонымен қатар сөздің мағынасын түсінуіне, заттық атауын, іс-әрекетін, сапасын нақты атауға, оқиғаның орнын, уақытын көрсетіп айтуына ерекше көңіл бөлінеді.

Сонымен, дизартриясы бар балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру жұмысы кешенді тәсілмен екі деңгейде жүргізіледі, яғни бір сабақта сөйлеу тілінің барлық компоненттерін (фонетика, лексикасы, грамматикасын, психомоторлық аясын) қатар дамыта отырып ауызша сөйлеу тілін жетілдіру.

Дизартриясы бар балалардың байланыстырып сөйлеуін дамыту жұмыс мазмұны келесі құрылымдық моделеде көрсетілген.

Дизартриясы бар балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытудың құрылымдық моделі  
талаптар функциялар



байланыстырып сөйлеу

Ұсынылып отырған модельде дизартриясы бар балалардың байланыстырып сөйлеу тілінің функциялары (катынас, түзетушілік, дамыту, тәрбиелік) критерилері (сәйкестігі, кезектілігі, мазмұны) қағидалары, жұмыс кезеңдері мен бағыттары берілген. Сонымен қатар бір тақырыпты айту барысында сөйлеу тілін, танымдық процестерін, моторлық аясын дамытуға бағытталған әртүрлі жұмыс түрлерін (ойын, іс-әрекет, бейнелеу т.б.) сабақта, сабақтан тыс уақытта кеңінен қолдану көзделеді.

1 Лопатина Л.В. Логопедическая работа в группах дошкольников со стертой формой дизартрии – СПб., 1994

2 Белякова Л.И., Волоскова Н.Н. Дизартрия уч. пос. для студ., М., Владос, 2009

3 Жукова Н.С., Мастюкова Е.Н., Филочева Т.Б. Логопедия. Преодоление общего недоразвития у дошкольников. Екатеринбург, 2006.

#### Резюме

##### Пути развития связной речи детей с дизартрией

**Омирбекова К.К.** – к.п.н. профессор кафедры специального образования КазНПУ им. Абая

Связная речь – одна из сложных форм речевой деятельности. Многие исследователи, занимающиеся проблемой формирования связной речи детей с нарушениями речи, придают особое значение формированию предпосылок связной речи. В статье рассматриваются пути формирования связной речи детей с дизартрией.

**Ключевые слова:** Дети с дизартрией, связная речь, предпосылки, алгоритм.

#### Summary

##### Ways of development of coherent speech of children with dysarthria

**Omurbekova K.K.** – Ph.D. professor special education department at AbaiKazNPU

Coherent speech – one of the most difficult forms of speech activity. Many researchers involved in the problem of the formation of coherent speech of children with speech disorders, attach particular importance to the formation of coherent speech preconditions. The article discusses the ways of formation of coherent speech of children with dysarthria.

**Keywords:** children with a disarthria, the coherent speech, prerequisites, an algorithm.

УДК: 376.2

## НАШАР ЕСТИТІН БАЛАЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

**М.С. Махадилова** – Абай атындағы ҚАЗҰПУ-нің 6М010500 – Дефектология мамандығының  
2-курс магистранты, [takhpal@bk.ru](mailto:takhpal@bk.ru)

Ғылыми жетекші: **А.Н. Аутаева** – доцент, п.ғ.к., Абай атындағы ҚАЗҰПУ,  
арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі, [akbota-n@mail.ru](mailto:akbota-n@mail.ru)

Мақалада есту қабілеті зақымдалған балалардың өзін-өзі бағалауының ерекшеліктері және оларды дамыту жолдары қарастырылған. Нашар еститін балалардың өзін-өзі дамытуда ата-ананың рөлі, баланың өзі туралы көзқарасының қалай дамуына және саралануына қарай өзін өзі жеке бағалау жалпыдан ерекшеленетіні талданған. Естімейтін және нашар еститін балаларда эмоционалды-ерікті жетіспеушіліктің туындауы өзін-өзі бағалауының дамуына әсер ететіні, өзін өзі баламалы бағалауын қалыптастыруда баланың құрдастарымен қарым-қатынас жасауы маңызды рөл атқаратыны шолу жасалған.

**Түйін сөздер:** есту қабілеті зақымдалған балалар, өзін-өзі бағалау, мінез-құлық, қарым-қатынас, эмоционалды-еріктілік, «Мен» бейнесі, мектеп-интернат, ұжым, жасөспірімдер.

Психологияда оқып зерделеудің негізгі объектілерінің бірі жеке тұлға болып табылады. Жеке тұлғаның психикалық ұйымдастырылуының құрылымы, оның қызмет етуі, жеке және толық қабілеттер жүйесінің қалыптасу және даму процестері зерттеледі. Маңыздылығы сол, бұл зерттеулер адамның қоршаған ортада оңтайлы бейімделуін, мақсатты бағытта тәрбиеленуін қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Алайда жеке тұлғаның жалпы адами, табиғи құрылымы биологиялық заңдар бойынша қалыптастырылған, бұл әлеуметтік өмірдің, оны талаптарының әсер етуімен орын алды.

Демек, адамның даму процесінде қоғам, әлеуметтік тұқым қуалаушылық маңызды орында. Бірақ біздің өміріміз өзін өзі танып білуге, жетілдіруге арналған. Сондықтан даму процесі айналада болып жатқанның бәрін пассивті түрде қабылдау кезінде емес, өзара белсенді әрекет ету нәтижесінде орын

алады. Тек сол сәтте ғана Мен – дегенге тән кейіп қалыптасуы, өзін және айналасындағыларды сәйкесінше бағалау мүмкіндігі болады, яғни толыққанды еркін тұлғаның маңызды құрамдарының бірін қалыптастыру мүмкіндігі бар. Егер жоғарыда баяндалған өзара белсенді іс әрекет бұл күрделі әрі қарама қайшы әлеммен тиісті деңгейде жүзеге асырылмаса, егер «мен айналамдағыларды естімейтін болсам, ал олар мені түсінбейтін» болса, не істеуге болады? Белгілі бір тұрпаттағы адамзат қауымында есту қабілеті бұзылған адамдардың тиімді бейімделуі, олардың дамуы, оқып білім алуы және тәрбиеленуі үшін оңтайлы жағдай жасау, атап айтқанда олардың өзін-өзі баламалы бағалау қабілетін қалыптастыру айтарлықтай өзекті мәселе болып отыр. Оны тез арада шешу қажет. Ең болмаса, анасының даусын, құстардың сайрағанын, әсерлі әуенді естуі ешқашан мүмкін емес болып туылған әрбір бала үшін, сонымен бірге кенеттен, кездейсоқ жағдайлардың себебінен дыбыс есту әлемінен айырылған, дыбыссыз қозғалатын материяның ішінде жай ғана жалғызділікті өмір сүру үшін емес, адамдар арасында өмір сүруге құқы бар адамдар үшін шешімі табылуы тиіс.

Осыған орай, мақаланың мақсаты есту қабілеті бұзылған балаларда өзін өзі бағалау және оны дамыту жолдарын қарастыру болып табылады.

Сурдопедагогтар мен психологтар нашар еститін балаларда адамдардың тұлғалық ерекшеліктерін, олардың эмоционалды құбылыстарын сипаттау үшін сөйлеу құралдарының жеткіліксіз екені байқалатынын және тұлғалық қабілеттерді қарама-қарсы бағалау басымдылығын белгілейді. Бұл нашар балаларда моральдік-этикалық көзқарастардың қалыптасуы, әлеуметтік-эмоционалды кемелденуі, балалардың өз өзіне және басқаларға қатысты өзінің қатынасын, құрдастарының арасында және барынша кең әлеуметтік ортада өзінің жай-күйін сезіну процесін баяулатады [1]. Жоғарыда аталған ерекшеліктердің барлығы, ең алдымен, атап айтар болсақ, есту қабілеті жоқ болу себебінен басқа адамдармен байланысының бұзылуы, әлеуметтік байланысы кем болуы, ойлау және сөйлеу қабілеті бала кезіндегі ерте жаста бастапқы және екінші тұрғыда жетілмеуі, сонымен қатар әлеуметтік ортаның жағымсыз әсерлері мен дұрыс тәрбие бермеу салдарына байланысты. Есту функциясы бұзылған бала үнемі өзінің пайдасы жоқ күйін сезінеді, бұл оның толыққанды емес күйде екенін сезінуіне жайсыз әсер етуі мүмкін. Бұл оның тұлғалық қабілетінің дамуы артта қалуына жетелеуі мүмкін. Алайда, кейбір уақытта астамшылық сезімі туындайды.

Ауытқуы бар бала белгіленген нормаларға, болжамдарға, талаптарға «тап болады», немесе сау адамдармен салыстырылады. Соның салдарынан, толыққанды болмау сезімі ұлғаяды, бұл өз кезегінде өзін өзі бағалауға және тұлғаның қалыптасуына кері әсер етеді. Өзін өзі үнемі және айқын түрде төмен бағалау және құрметтеу есту қабілеті жоқ баланың өмірге белсенді бейімделуде және сыртқы тіршілік жағдайлары мен тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыруда тұлғалық қабілетін, жағымды сәттерді және жағдайларды және т.б. әлсіретеді. Мұның нәтижесі көбінесе тұлғаның патологиялық белгілерінің және барынша терең бұзылуларының туындауына әсер етуі мүмкін. Осылайша, есту қабілеті бұзылған адамдарға ең алдымен, қоғам мен олардың айналасындағы ортаның көзқарасының маңызы зор. Ауытқушылығы бар бала мен оның социумы арасында белгіленген ақаудың орын алуына байланысты өзіндік сипаты бар арнайы өзара әрекеттесу құрылады. Кемістік баланы оқшаулайды, оны тағдырдың және ортаның тәлкегіне қалдырады. Сондықтан естімейтін баланың отбасында, мектепте және қоғамға бірігу процесінде эмоционалды және тәрбиелік қарым-қатынасқа тәуелділігі сау адамға қарағанда едәуір жоғары.

Жас балада өзін өзі бағалауын қалыптастыруға отбасы негізгі әсер етуші күш болып саналады. Өмірінің алғашқы айларында ата-ана махаббатының және жақындарының мейірімді қарым-қатынасының әсерінен балада жалпы өзін өзі бағалау туындайды. Балада ата-ана тарапынан сүйіспеншілік тапшы болған жағдайда мұндай жалпы өзін өзі бағалау орын алмайды, бірақ тап осындай емес, тек оның оң бағыттылығы туындайды. Бұл тұлғалық дамуда түрлі ақауларға жетелейді: өзінің толыққанды болмау сезімінің, жаңа жағдайдан үрейленуінің, агрессиялық, ызаланғыш қасиетінің ұлғаюна және т.б. Ерте жаста, әсересе тіпті өзінің отбасында қарым-қатынас кезінде едәуір қиындықтарға тап болатын есту қабілеті бұзылған балаларда (ата-анасы еститін отбасынан шыққан есту функциясы бұзылған балаларға қатысты) жалпы өзін өзі бағалаудың оң болмауын өте кеш кезеңде орнын толықтыру қиын.

Бала іс-әрекеттің әр түрін меңгере бастаған сәтте, екі жастан кейін үлкендердің баға беруінің тікелей әсер етуімен баланың өзін өзі жеке дара бағалауы қалыптаса бастайды. Мектепке дейінгі жаста өзін өзі бағалау, әдетте, өте жоғары болады – бала өз іс-әрекетінің нақты нәтижелеріне қарамастан жетістіктерін жоғары бағалайды. Бұл жалпы өзін өзі оң бағалау кейбір іс-әрекеттерге таралатын болғандықтан орын алады – мектеп жасына дейінгі бала өзінің нақты істерін бағалаудан жалпы

өзіне қатысты оң қарым-қатынасты ажырата алмайды. Бұған ерекше назар аудару қажет. Өзін өзі бағалауды қалыптастырудың аталған кезеңінде үлкендердің жеке жағымсыз бағалаулары мен ескертулері тиісті тәрбиелік тиімділік бермейді, керісінше сәтсіз қызметтен бас тартуды және ренішті ғана туындатады. Баланың өзі туралы көзқарасының қалай дамуына және саралануына қарай өзін өзі жеке бағалау жалпыдан ерекшеленеді. Мектепке дейінгі жастың соңына қарай бірқалыпты бала өзінің нақты іс-әрекеттері бойынша үлкендердің ескертулері оған деген жалпы оң қарым-қатынасын төмендетпейтіндігін, яғни ол бір нәрсені жасай алмауы мүмкін, бірақ сонда да жақсы және сүйікті бала болып қала беретіндігін түсінуі тиіс. Өзін өзі жеке бағалаудан жалпы бағалауды ажырату баланың ұжымда оқуға дайын екендігінің негізгі алғышарты болып табылады. Сонымен қатар өзін өзі баламалы бағалауын қалыптастыруда баланың күрдастарымен қарым-қатынас жасауы маңызды рөл атқарады. Іс-әрекеттің нақты түрлерінде өзінің жетістіктерін сол жастағы өзге балалардың нәтижелерімен салыстыра отырып, бала өзінің мүмкіндіктерін және қабілеттерін барынша дұрыс және нақты бағалай бастайды.

Ата-аналар балаға өзінің жетістіктерін дұрыс бағалауға көмектесуі, оның өзгелерге қарағанда ептілігі жақсы екенін, алдағы уақытта бұдан да күрделі нәрселерді меңгеруі тиіс екенін нұсқап көрсетуі тиіс. Бірақ бұл ретте жалпы баланың оң бағасына және оның тұлғалығының жалпы құндылығына күмән келтіруге ешқандай да жол беруге болмайды. Өзін өзі жеке бағалау үлкендердің бағалаулары негізінде және баланың жеке тәжірибесінің негізінде қалыптасады. Тіпті бастауыш мектеп жасында балалар өзін өзі бағалауға барынша бағыт-бағдар ала бастайды. Бастауыш мектептің оқушысы моралдік нормаларды, тәрбие ережелерін және рефлексияны дамытуды мейлінше меңгеруге байланысты өз жетістіктерін және сәтсіздіктерін дұрыс бағалауға қабілетті. Өзін өзі бағалауды барынша қарқынды қалыптастыру жасөспірім жасында орын алады. Тұлғалықты қалыптастыруда өзін өзі бағалау ролі қызығушылық деңгейінің жоғарылағаны тәрізді бірден жоғарылайды. Жасөспірімдер көбінесе өздерінің сәтсіздіктерін, тек шамасы келмегенін мойындамау арқылы өздеріне байланысы жоқ себептермен түсіндіреді.

Бұл баламасыз мінез-құлыққа (агрессиялылық, қырсықтық) жол ашады, нәтижесінде қоршаған ортамен қатынасын бүлдіреді, жасөспірімнің тәрбиеленуін қиындатады және шыдамсыз етеді. Мұндай сипаттағы мінез-құлықты ұзақ уақыт сақтау мұндай үлгілердің бекітілуіне және мінездің тұрақты белгілері болып қалуына жетелейді. Тұлғаның жағымды сипатта дамуы кезінде жасөспірімнің өзін өзі бағалауы мен мүмкіндіктері арасындағы қарама-қайшылық өте қатты және терең ойландырмайды, жасөспірім жасының соңына қарай тұлғалық дамудың маңызды факторы болады. Жасөспірім 14-15 жасында өзін өзі тәрбиелеу және жетілдіру арқылы өзін өзі дамытуға қабілетті бола алады.

Алайда өзін өзі бағалаудың мұндай оң және өнімді әрекеті өзін өзі қабылдауды және құрметтеуді қамтамасыз ететін, өзін өзі жалпы оң бағытта бағалауы орын алғанда және сақталғанда ғана орын алуы мүмкін.

Сонымен, өзін өзі бағалауды дамыту механизмінің және кезеңдерінің бірқалыпты екенін қарастыра отырып, нашар еститін балалар өзінің дамуы кезінде, әдетте осы кезеңдердің барлығынан өтетінін атап өткен жөн, бірақ жалпы өзін өзі бағалауын және тұлғалығын сапалы өзіндік қалыптасуы оларда белгіленген кезеңдерде барынша ұзақ тоқтап қалуларда байқалады. Бұл сыртқы ақпараттың белгіленген көлемінің түсу ерекшеліктерінің салдары болып табылады.

Егер есту функциясының бұзылуы орын алса, онда негізі қаланған өзін өзі бағалауын қалыптастырудың тап осы кезеңі тиімді өте алмайды, себебі баланың оны өзгелер, бірінші кезекте үлкендер қалай бағалап отырғаны жайлы көзқарасы көбінесе болмайды. Естімейтін немесе нашар еститін бала жақын айналамен қаншалықты баламалы қарым-қатынас жасай алатын сәтіне дейін біршама уақыт өтеді. Қалыпты балаларда, есту қабілеті бұзылған балаларда өзін өзі бағалауын қалыптастыру барысында туындауы мүмкін қиындықтар барынша өзекті болуы мүмкін. Алайда белгіленген жағдайларда ғана деп атап өткен жөн (біз бұл туралы төменде айтатын боламыз). Мұндай қиындықтар бірізге салынуы мүмкін, немесе тіпті туындамауы мүмкін [2].

Мектепке дейінгі жастың соңына дейін бала үшін отбасы негізгі рөл атқаратынын ескере отырып, мектепке барған сәттен бастап күрдастар, ұстаздар, сонымен бірге оқу барысында алатын білім арқылы баланың тұлғалығына әсер етуді қалыптастыратын қуатты қосымша арна ашылатындығын атап өткен жөн. Бұл ретте баланың дамуына әсер ететін жаңа саланың пайда болуы отбасында қалыптасқан әсер етулердің мүлдем төмендеуін ешқандай растамайды, ол бұрынғы кездегідей айтарлықтай маңызды фактор болып қалады.

Егер бастауыш мектепте оқитын балалар жайында айтар болсақ, онда кіші жасөспірім жас жалпы баланың өзін өзі бағалауын және тұлғалығын дамытудың келесі кезеңіне өтуде өзіндік сипаттағы қадамды білдіреді.

Алайда ауытқушылығы бар бала кейбір жағдайда нормалар заңы бойынша дамуға қабілетті емес екенін ескеру қажет. Демек, есту қабілеті бұзылған балада патологиялық емес, өзін өзі бағалауын қалыптастыруда кідірістер байқалуы мүмкін. Сонымен қатар есту қабілеті бар бала тәрізді өзін, өзінің жетістіктерін жіге сәтсіздіктерін, кіші жасөспірім жасында қоршаған ортаны және олардың қызметін дұрыс бағалауға қабілетті, есту функциясы бұзылған бала үшін оның өзін өзі бағалауы белгіленген дәрежеде қоршаған ортаға және олардың пікіріне байланысты [3].

Яғни, бұл жаста аталған ауытқушылығы бар балалар үшін отбасы олардың есту қабілеті бар құрдастарына қарағанда маңызды рөл атқарады. Осы тәрізді психологияда, сурдопсихологияда саңырау балаларда мінездің өзіндік сипаттары белгіленеді. Олардың неврологиялық күйге және реакцияларға бейімділігі жоғары.

Екі-төрт жастағы балаларда астено-неврологиялық, психопаттық реакциялар, ал кіші жасөспірім жасында – өз ауытқушылығын танып білудің алғашқы белгілері айқындалды.

И.В.Кривоностың байқаулары бойынша естімейтін және нашар еститін балаларда эмоционалды-ерікті жетіспеушіліктің туындауы (илану, табыну, өз бетінше әрекет жасау жеткіліксіздігі, аффективті ауытқуларға бейімділігі) 7-13 жаста барынша айқын бейнеленеді [4].

Т.Н.Прилепская өзінің мақаласында есту қабілеті зақымдалған балалар әлеуметтік кемелділікке, қоршаған ортаның шарттарына бейімделу бойынша еститін балаларға кезек беретіндігі туралы айтады. Оларда көбінесе белгіленген мінез-құлыққа қатысты талаптардың өзіндік ерекшеліктерімен байланысты эмоционалды-мінез-құлықты кемшіліктер жиі кездеседі. Мәселе мұндай балалар көбінесе интернат үлгісіндегі мекемелерде болатындығында, яғни олар уақытының басым бөлігін «еститін әлемнен» оқшауланып өткізеді.

Интернатта барлық жағдайлар есту қабілеті бұзылған балаларға арналған болғандықтан, мысалы төмен талаптар және жиі марапаттаулар, оларда (балаларда) жеңілдіктің алдамшы сезімі туындайды және біреудің асырауында болудың өзіндік сезімі қалыптасады. Балалардың басым бөлігі көбінесе мектеп бітіргенге дейін ауытқушылықпен байланысты ауқымды қиыншылықтарға кездеспейді. Міне осы жағдай естімейтін және нашар еститін балаларда өзі туралы баламасыз көзқарастың қалыптасуына себеп болады [5].

Т.Н.Прилепскаяның (1989 ж.) есту қабілеті зақымдалған оқушылардың қызығушылық дәрежесі және өзін өзі бағалау қатынасын зерттеу бойынша жұмысына сүйене отырып, аталған балалардың өзін-өзі бағалауын дамыту жолдарын атап кетуге болады.

V және VII сыныптардың есту қабілеті зақымдалған оқушылары, олардың есту қабілеті бар құрдастары, тиісті сыныптардың оқушылары сынақтан өткізілді. Сынаққа түскен оқушылардың барлығының үлгерімі жақсы.

Оқушылармен үміттену дәрежесін зерттеу үшін жеке тәжірибенің екі сериясы жүргізілді. Балалардың алдында келесі бетінде тапсырмалары бар нөмірленген карточкалардың 6 тобы жатты. Топта – 6 карточка-тапсырма. Карточкалар тобының жанында тапсырмалардың (оңай, орташа, күрделі) аталған тобының күрделілік дәрежесі көрсетілген кестелер орын алды.

Сынақтан өтетін тұлғаға біріншіден бастап кезекті тапсырмаларға қарай күрделі бола бастайтындығы, кез келген 6 тапсырманы орындау қажеттілігі түсіндірілді. Сынақтан өтуші тапсырманы дұрыс және жылдам орындағаны үшін «плюс» алды, егер қателік жіберілсе немесе тапсырманы орындауға көп уақыт кеткен болса «минус» алды.

Тәжірибенің әрбір сериясы аяқталған сайын балалардан олар тапсырманы қалай орындағанын бағалау сұралды: «Сен қалай ойлайсың, тапсырманы қалай орындап шықтың: өте жақсы, жақсы, орташа, нашар, өте нашар?». Осылайша, балалардың өзін өзі бағалауы – олардың өз іс-әрекеттерінің нәтижелілігін бағалауы анықталды. Тәжірибе нәтижелері көрсетіп отырғандай, бастауыш мектеп оқушылары үшін тәжірибелік жағдай басқа балаларға қарағанда барынша маңызды болды. Оларда көбінесе айқын бейнеленген эмоционалдык күйзелістер белгіленді, олардан «Минус алғым келмейді», «Қорқамын», «Ура» тәрізді және т.б. пікірлерін естуге болады.

Тәжірибеге қатысушы, сынақ жүргізілетін ең кіші жастағы балалар өте ашық, тәуелді емес, сондықтан біршама жасқаншақ және жәбірленгіш болуы мүмкін. Үлкен жастағы оқушылар өздерінің эмоционалдык туындамаларын барынша ұстамды етті, алайда оларда кейбір кезде қатты күйзелістер байқалды. Мысалы, жетінші сынып оқитын есту қабілеті зақымдалған бір қыз сәтсіздіктерден кейін



тіпті жылап қалды. Ол өзінің сәтсіздігі жайлы басқалар біліп қоймаса екен деп кобалжыды. Саңырау оқушылардың 30-50% - жеңіл, 30-40% - күрделілігі орташа және 15-30% күрделі тапсырмаларды тандап алды. Бұл ретте I және VII сынып оқушылары IV сынып оқушыларына карағанда біршама жеңіл тапсырмалар алды (бастауыш мектеп оқушылары – қателесіп қалудан қорқу, ал үлкендері – өздерінің шамаларын жақсылап таразылау арқылы). Сынакка түскендердің 60-80% тапсырманы дұрыс орындады. Кіші жастағы жасөспірімдер (5-сынып) өзге жастағы топтардың оқушыларына карағанда қиын тапсырмаларды біршама жиі таңдады. Сәйкес келмейтін таңдаулар (барынша күрделі – сәтсіздік кезінде) 20-30% жағдайларда байқалды.

Прилепскаяның зерттеулеріне сүйене отырып, келесідей тұжырым жасалды.

Естімейтін және нашар еститін мектеп оқушыларының мінез-құлқында оларға таныс іс-әрекетте қиындығы әртүрлі тапсырмаларды таңдау – арифметикалық мысалдарды және қорнекті-әрекетті тапсырмаларды шешу барысында түбегейлі ұқсастық байқалады. Нашар еститін оқушылар, есту қабілеті бар оқушылар тәрізді негізінен тапсырманы ойдағыдай табысты орындаған соң өздерінің қызығушылықтарын арттырды, ал сәтсіздіктерден соң барынша жеңіл тапсырма орындауға ұмтылыс жасады. Сонымен қатар естімейтін және нашар еститін мектеп оқушылары орындап қойған тапсырмалары тәрізді қиындығы тап сондай тапсырмаларды жиі таңдады, әдетте, сәтті шығатын; мейлінше жеңіл тапсырмаларды да дұрыс шешкен соң таңдағаны байқалды (көбінесе саңырауларда). Естімейтін және нашар еститін мектеп оқушыларының басым бөлігінде қызығушылығында тұрақсыздық байқалды. Бұл ретте есту қабілеті зақымдалған балаларда мысалдарды шешу барысында, ал еститін оқушыларда – II серияның тапсырмаларын шешуде (I сериядан соң бір аптадан кейін) тұрақсыз қызығушылық басым болды. Кейбір оқушыларда қызығушылық төмен болды, бұл олардың салыстырмалы қиын тапсырмаларды орындау ниеті болмаған кезде байқалды. Мұндай жағдай балалар есту қабілеті бар балалармен салыстырғанда саңырау балалардың ішінде басымдау болды.

Бастауыш мектеп жасынан жоғары сынып жасына қарай қызығушылықтың тұрақтылығы және сәйкестігі біршама жоғарылағаны байқалды. Мысалдарды шешу тәрізді іс-әрекетте, қорнекті-тәжірибелік әрекетке карағанда оқушылардың тәуекел жасауға бейімділігі төмен. Мүмкін, бірінші жағдайда, бір жағынан, оларға ұсынылып отырған тапсырманы қаншалықты сәтті орындай алатындығын алдын ала көру жеңіл болған. Келесі жағынан – балалар «оқу барысындағы» сәтсіздік жағдайынан қашықтады, себебі мұнда сәтсіздікті бірқалыпты машықтанған тапсырма деп түсіндіруге болмайды. Осылайша, зерттелетін іс-әрекеттер түрлерін орындау барысында саңырау және еститін мектеп оқушыларынан сөйлеу қатынасын кеңінен қолдану талап етілмеген кезде, олар өздерін көп жағдайда бірдей көрсетіп танытты.

Есту қабілеті бұзылған балалар жалпы осы жағдайда, бірқалыпты даму үстіндегі өздерінің құрдас-тарымен салыстырғанда өздеріне өте сенімсіз болуды сезінбеді. Алайда оқушылар белгіленген мақсатқа ойдағыдай қолжеткізген сәтте, өздерінің қызығушылығын өзгертіп қана қоймай, сонымен бірге тіпті төмендеткені, шамалы ғана күш жұмсап табысқа жетуге ұмытылғаны байқалды. Кейбір мектеп оқушыларында қызығушылығы тұрақты түрде төмендетілген. Сонымен бірге, өзге авторлардың жұмыстарында оқушылардың басым бөлігі өз іс-әрекеттерінің, оқу барысындағы жетістіктерінің нәтижелерін сәйкесінше бағалаған. Бірақ есту қабілеті жоқ бастауыш мектеп оқушыларының басым бөлігінде өз еңбектерінің нәтижелерін жоғары бағалағаны байқалды. Ал еститін оқушылардың жалпы өзін өзі бағалауы барынша сыни тұрғыда сипат алған.

Осы жұмыстың аясындағы тәжірибе нашар еститін балалардың өзін өзі бағалауын қалыптастыру шартына әсер етуді белгілеуге бағытталды. Біздің нашар еститін мектеп оқушыларының өзін өзі бағалауын зерттеуіміз Алматы қаласы, есту қабілеті төмен балаларға арналған № 5 арнайы (түзету) мектеп-интернаттың құрамында жиырма адам бар 5 «А»- 6 «А» сыныбында жүргізілді.

Өзін өзі бағалау – адамның өз қабілеттеріне, мүмкіндіктеріне, тұлғалық қабілеттеріне, сондай ақ сыртқы келбетіне қатысты қарым-қатынасы [6]. Бұл егер адамның өзі туралы пікірі шын мәніндегі жағдайды білдіретін болса, онда дұрыс (баламалы) болуы мүмкін. Адам өзін дұрыс емес бағалаған кезде, оның өзі туралы пікірі өзгелер оны қалай бағаланнан бірден айырмашылық тапқан жағдайда, өзін өзі бағалау көбінесе дұрыс емес немесе психологтардың атауы бойынша баламасыз болады. Егер адам өзін шын мәніндегі жағдаймен салыстырғанда жеткіліксіз бағалаған болса, онда оның өзін өзі бағалауы төмен. Ол өзінің мүмкіндіктерін қайта бағалаған жағдайда, іс-әрекетінің нәтижелері, тұлғалық қабілеті, оған тән сыртқы келбет өзін өзі жоғары бағалау болып табылады. Өзін өзі төмен бағалау тәрізді жоғары бағалау да адам өмірін өте қиындатады. Өз өзіне сенімсіз, жасқаншақ болып өмір сүру оңай емес; өзін жоғары ұстап өмір сүру де қиын.

Адамның өз өзінің бағасын білуі онымен қарым-қатынас ортану, әлеуметтік тіршілік иелері ретінде адамдар шарасыз қосылып кететін ортада бірқалыпты қарым-қатынас жасау үшін өте маңызды. Баланың өзін өзі бағалауын ескеру өте маңызды. Барлығы тәрізді мұнда бәрі жанадан ғана қалыптасады және сондықтан көптеген жағдайда үлкендерге қарағанда өзгерістерге, әсер етулерге ұшырайды. Психологтар өзін өзі бағалаудың түрлі дәрежесі бар балалар түрлі тұлғалық қабілеттерге ие екенін атап өтеді. [7].

Өзін өзі баламалы бағалайтын бастауыш мектеп оқушылары мен жасөспірімдерге белсенділік, сергектік, жарқын жүзділік, әзілкештік, тез тіл тапқыштық қабілеттері тән. Олар өз тұлғалығының артықшылықтарын және кемшіліктерін байқай алады. Сынға төзімді.

Өзін өзі төмен бағалау өз өзін және қоршаған әлемді өмірден түңілген адам сипатында қабылдауға жетелейді, балалар белсенді емес, өте сезімтал, тұйық, жәбірленгіш және секемшіл.

Сырттан сын көзбен қарау одан әрі жабырқау күйіне жетелеуі мүмкін. Өз кемшіліктерін асыра бағалауға бейім. Өз қабілеттеріне сенімсіз.

Өзін өзі жоғары бағалайтын балалар үшін өзін жоғары ұстау, ширақтық, кез келген бағада аудиторияны қаратуға ұмтылу, әдепсіздік тән. Өз тарапына қатысты сынды ең жақсы қорғаныс – бұл қарсы шығу деп ауыр қабылдайды. Өз сыныптастарын сынауды жақсы көреді. Өз мүмкіндіктерін асыра айтуы жиі кездеседі. Өзін өзі бағалау және оны өзгерту сипаты баланың психикалық даму барысына едәуір әсер етеді. [8].

Жасөспірімнің тұлғалығын дамытуда ең маңызды сәттердің бірі – оның өз өзін танып білуін, өз өзін тұлға ретінде танып білу қажеттілігін қалыптастыру. Жасөспірімде өзіне, өзінің ішкі жандүниесіне, жеке тұлғалық қабілеттеріне, өз өзін бағалау, өзін өзге адамдармен салыстыру қажеттілігіне деген қызығушылық туындайды. Ол өз өзіне үніліп қарай бастайды, өз тұлғасының басым және әлсіз жақтарын сезінуге тырысады. Өз өзін танып білу қажеттілігі өмір сүру барысынан, тәжірибелік іс-әрекеттен туындайды, үлкендер ұжымының өсіп отырған талаптарымен анықталады. Жасөспірімде ұжымда өз орнын табу үшін өзінің мүмкіндіктерін бағалау қажеттілігі туындайды. Бірінші кезеңде жасөспірімнің өзін өзі танып білу негізінде өзгелердің – үлкендердің (мұғалімдер, ата-аналар), ұжымның, жолдастырының ол туралы пікірлері қамтылған. Кіші жастағы жасөспірім өзіне қоршаған орта көзімен қарайды. Жасы ұлғайған сайын, сонымен бірге жеке тұлғасын өз бетінше сараптау және бағалау беталысы орын ала бастайды. Жасөспірімнің жеке тұлғалық құбылыстарын дұрыс сараптау ептілігі жеткіліксіз, сондықтан осының негізінде үлкендер және жолдастары тарапынан оған қатысты қарым-қатынасы, жасөспірімнің қызығушылық деңгейі, өзі туралы оның пікірі және ұжымда оның нақты алған орны арасында туындайтын қарама-қайшылықтардан келіспеушіліктер орын алуы мүмкін. [9].

Қазіргі таңда нашар еститін оқушылардың қызығушылық деңгейін, өзін өзі баламалы бағалауын, достық қарым-қатынасын, өз өзін танып білуін қалыптастыру мәселелері сурдопсихологтармен жеткілікті көлемде зерделенбеген. Осылайша, өзін өзі бағалау күрделі тұлғалық қалыптасу болып табылады, мұнда баланың қарым-қатынаста және іс-әрекетте өзінің «Менін» ашуға бағытталған, оның белсенділігі, өзі туралы білуінің бейнесі орын табады.

Нашар еститін балалармен жұмыс кезінде балаларда баламалы өзін өзі бағалау, өзіне өзі деген сенімділік және сын көзқарас қалыптаса алатындай жағдай жасалуына арнайы көңіл аударылуы тиіс. Мектепке дейінгі жастың өзінде, балалар өзінің жұмыс нәтижелерін бағалап және оны басқа тәрбиеленушілердің жұмыстарымен салыстыратын жұмыс нысандарын кеңінен қолдану қажет. Сонымен қатар оқыту қызметі процесінде де, әр түрлі өмірлік жағдайларда да балаларға әр түрлі міндеттерді шешу кезінде үлкен тәуелсіздік беруіміз қажет. Оқушылар салыстырмалы түрдегі қиын тапсырмалардан қашпауы керек, өйткені төмендетілген талаптар олардың әлеуетті мүмкіндіктерін, мақсатқа қол жеткізуді қалыптастыру, басқа да маңызды тұлғалық қасиеттерін ашуға ықпал етпейді. Балаға қол жетімді деңгейден айтарлықтай асатын, жеткіліксіз мақсаттар, балада негативті эмоционалды күйзеліс, айналадағы адамдармен қатығыс тудыруы мүмкін. Сондықтан баланың бойында өзін өзі бағалау қасиетін дұрыс қалыптастыру, өзінің шынайы мүмкіндіктерін есепке ала отырып, алдына айтарлықтай биік мақсаттар қоюға талпыну маңызды болып табылады.

1 Гозова А.П. Исследование самооценки глухих детей//Изучение личности аномального ребенка. - М.: Просвещение, 1977. -113 с.

2 Речицкая Е.Г. Развитие младших школьников с нарушенным слухом в процессе внеклассной работы: пособие для учителя-дефектолога. - М.: Владос, 2005. -156 с.

- 3 Намазбаева Ж.И. Развитие уровня притязаний и самооценки в процессе обучения во вспомогательной школе в условиях самостоятельной трудовой деятельности. дис... к психол.н.-М., 1971
- 4 Кривонос И.В. Особенности самооценки глухих младших школьников // Дефектология - 2001. - № 4 - с.45-48
- 5 Прилепская, Татьяна Николаевна. Самооценка и уровень притязаний глухих школьников : автореферат дис. ... кандидата психологических наук : 19.00.10 / НИИ дефектологии. - . 1990
- 6 Даурамбекова А.А., Шаханбаева Д.А Мүмкіндігі шектеулі жасоспірімдердің әлеуметтік бейімделу мәселелері. Хабаршы. «Арнайы педагогика» сериясы, №1(36), 2014. 74-77 б.
- 7 Бернс Р. Развитие Я- концепции и воспитание- М. Прогресс 1986
- 8 Корнеева Л.Н. Самооценка как фактор саморегуляции пилота: Автореф. 1984.
- 9 Baumeister R.F., Campbell J.D., Krueger J.I., Vohs K.D. Does High Self-esteem Cause Better Performance, Interpersonal Success, Happiness, or Healthier Lifestyles? // Psychological Science in the Public Interest. 2003. Vol 4. No. 1.

#### Резюме

##### Пути развития самооценки неслышащих детей

Махадилова М.С. - магистрант 2 курса КазНПУ имени Абая

Аутаева А.Н. - кандидат психологических наук, доцент КазНПУ имени Абая

В статье рассматриваются особенности и пути развития самооценки у детей с нарушениями слуха. Также рассмотрены роль родителей в развитии самооценки у слабослышащих детей и взгляд о себе, пути развития самооценки от частного к общему. Были анализированы данные о влиянии недостатка эмоционально-волевой сферы у детей с нарушениями слуха к формированию самооценки.

**Ключевые слова:** слабослышащие дети, самооценка, поведение, отношение, эмоциональная-волевая сфера, образ «Я», школа-интернат, коллектив, подросток.

#### Summary

##### Self-esteem of deaf children: ways of development

Makhadilova M.S. 2<sup>d</sup> course master specialty of Defectology, KazNPU named after Abai

Autayeva A.N.- candidate of psychological Sciences, Professor, head of Department special education

The article discusses the features and ways of self-development in children with hearing impairments. It is also considered the role of parents in the development of self-esteem in deaf children and think about yourself, the way of self-development from the particular to the general. It was analyzed data on the impact of the lack of emotional and volitional in children with hearing impairment to self-formation.

**Keywords:** hearing impaired children, self-esteem, behavior, attitude, emotional and volitional, the image of "I am", boarding schools, collective, teenager.

УДК 376.2

## ТІРЕК-ҚИМЫЛ ЖҮЙЕСІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ИППОТЕРАПИЯМЕН ЕМДЕУ ЖОЛДАРЫ

Г.А. Қошжанова – п.ғ.магистр оқытушы, Арнайы білім беру кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ  
А.С. Аязбекова – 2-курс студенті, Дефектология мамандығы Абай атындағы ҚазҰПУ

Кез-келген адам өзінің күнделікті өмірінде дене жаттығуларымен айналысқанда екі бағытта ғана қозғалыс жасайды: оңға-солға және алға-артқа. Атка мінген адам мұның бәрін жасап, жоғары-төмен бағытта да қозғала алады. Ол – адам ағзасы үшін өте пайдалы қозғалыс. Бұл бұлшық еттерді қуаттандырады, ішкі сөл бөлуші бездер мен ішкі ағзалардың жұмысын жақсартып, күшейтеді. Осының бәрі жерде тұрып, отырып дене жаттығуын жасаған адамнан ат үстінде бірнеше бағытта қозғалған емделуші жаттығуының басты артықшылығы.

Аттың белінің бұлшық еттері көптеген бөліктерден тұратындықтан, ол адамның жамбасы мен аяқ бұлшық еттеріне үгуші және жылытушы әсер етіп, аяқтың қан айналысын қалпына келтіреді. Атка мінген адам жүріп келе жатқанында алдында, айналасына жіті көз тастап, алыстағыны да жоғарыдан жанарымен шолып, көзінің көру қабілетін қайтадан қалпына келтіріп, жақсартады, таза ауа жұтып, ағзаны шынықтырып, иммунитетін күшейтеді, тыныс алу қызметін жолға қойып, жанын сергітеді.

**Түйін сөздер:** тірек-қимыл, иппотерапия, жүйке жүйе, терапия, диагноз.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында тірек-қимыл жүйесі бұзылған балалар саны жылдан-жылға дейін артып келуде. Баланың тірек-қимыл аппаратының бұзылуы дегеніміз – жас кезінен

бастап прог-рессивсіз топтарды біріктіретін, бірақ моторлық бұзылыстар синдромының ауысып тұруы және бас ми қыртысының дұрыс қалыптаспауы мен қайталанып бұзылуы болып табылады.

Адам жанын емдеудің түрлі тәсілі бар. Медицинаның соңғы жаңалықтары дәрі-дәрмектің, заманауи препараттардың сан түрін ұсынуға. Бірақ, дамыған медицина ешқашан халықтық медицинадан алшақ кеткен емес. Әртүрлі шөптермен, табиғи минералды сулармен, тіпті топырақпен де емдейтін халықтық медицинада адамды жануарлармен емдейтін әдісі бар. Соның бірі – иппотерапия. Ғылыми тілде «иппотерапия» деп аталатын атпен серуендеу арқылы жасалатын емнің бұл түрінен бүгінде талай жан дертіне дауа табады. Мінсе-көлік, шапса-желік, ішсе-қымыз, жесе-ет болған жылқы төлінің жағымды тұстары өте көп. Иппотерапия-қазақтың қанына сіңіп, ұлттың дәстүрімен қабысып кеткен ежелгі ем деп айтсақ қате айтпағанымыз болар. Айтар сөзіміздің арқауы-иппотерапия, яғни жылқымен емдейтін медицина саласы. Атқа отыру – адамға биохимиялық тұрғыда ықпал жасап, ағзаны нығайта түседі. Мамандардың айтуы бойынша иппотерапия көмегімен көптеген невроз, стресстік жағдайлар секілді басқа да келеңсіздіктерден емдеуге әбден болады екен. Мұндайда емделушінің өз күшіне сенімі молайып және оны бағалауы да арта бастайды.

Ат үстіндегі серуен – әлемнің көптеген елдерінде балалардың тірек-қимыл бұзылысының ауруларына емдік тәсіл ретінде қолданылады. Атпен баяу серуендегенде, адам денесіне минутына 100 шайқау импульсі беріледі. Ол – массаж, ат үстінде отырған адамның барлық бұлшықеті жұмыс жасайды. Тепе-теңдікті сақтау үшін салт мінген адам бойын жинауға, өзінің әрбір дене қимылын игеруге жаттығады. Жылқының әрбір адам алшақтығы адамды кімен бірдей, бұл арқылы ол өзінің адымын да есептеп үйренеді. Ал тірек-қимыл жүйесі бұзылған балаларға да ең керігі осы жаттығу. Жылқы – табиғи тренажер.

Тірек-қимыл жүйесіндегі жарақаттар және туа біткен немесе жүре пайда болған аурулар 5-7% балаларда байқалады. Тірек-қимыл қозғалысындағы ауытқулар түрі:

1. Жүйке жүйесінің аурулары: балалық церебральды сал ауруы (БЦС), полиомелит.

2. Тірек-қимыл жүйесінің ауытқуларының туа біткен дерті: омыртқа дамуындағы кемістік (сколиоз), аяқ-қолдың толық жетілмеуі, туа жанбас сүйегінің шығып кетуі, қолсаусақтарының кемтар дамуы.

3. Тірек-қимыл жүйесінің жарақаттануынан болған аурулар мен кемістік-тер: бас мидың және аяқ-қолдың жарақаттануы: Полиартрит, қаңқа ауруы (туберкулез, сүйектегі ісік, остеомиелит), қаңқаның жүйелі ауруы (рахит).

Тірек-қимылы бұзылған тұлғаларға нағыз осы ипотерапия жолдарын пайдаланған жөн. Бұл терапия тірек-қимылы бұзылған тұлғалардың бұлшық еттерінің дамуына септігін тигізеді. Бұл терапияны ерте жастан бастап, бір күнде 1-2 рет пайдаланған жөн. Бұл терапия курсы өте ұзаққа созылады. Себебі бұл курс бала толығымен емделгенге дейін пайдаланылады. Жылқы терапиясы тірек-қимылы бұзылған тұлғалардың қан айналымын, зат алмасуын, тыныс алуын, ірі-ұсақ бұлшық еттерінің дамуына септігін тигізеді. Алдымен бұл тұлғаларды ат үстіне жатқызып, ептеп жүргіземіз, сол кезде баланың бүкіл денесі қимылға түседі. Кейін баланы ат үстіне отырғызып, жүргіземіз, сол кезде баланың аяқ, дене және қол бұлшық еттері қимылға түседі. Осындай процестер қайталанып, әр түрлі қалыпта жасалынады. Сонымен бірге, жылқыны сипалау, өз қолымен тамақтандыру, жалын ұстау және т.б баланың қол моторикасының дамуына өз себебін тигізеді.

Аттың үстінде отырған адам өз денесін үнемі тепе-теңдікте сақтауға тырысады. Бұл тірек-қимыл жүйесі бұзылған балаларға оң әсерін береді. Тірек-қимыл жүйесі бұзылған балаларға атқа мінгенде жауырынның, қарынның, кеуденің бұлшық еттерінің қызметін біресе босаңсытып, біресе қатайтып ширықтыруға мәжбүрлейді, соның нәтижесінде, омыртқаны демейтін әрі оған түсетін жүктемені азайтатын бұлшық ет «белбеуі» қалыптасады. Жылқыға міну арқылы адамның жеке мүсіні де әдеміленеді. Әрі адамның жайшылықта әрекетке түсе қоймайтын бұлшық еттері де іс-қимылға көшеді. Иппотерапия дәрігерлерінің айтып түсіндіруінше, жылқы бұлшық еттерінің қозғалысы адам денесіне массаж жасауға тиімді көптеген элементтерден тұрады. Астындағы аты жайлап желігеннің өзінде 110 түрлі тербеліс тудырады да, желіп келе жатқан аттың бұлшық еттерінің қозғалысы үстіндегі адамның бойына беріледі. Сондай сәтте адам ат үстінен құлап қалмай, тепе-теңдікті сақтауға тырыспайды ма? Мінеки, бұл тірек-қимыл жүйесінің қызметі бұзылған адамның қимылсыз қалған бұлшық еттерін «тірілтіп», іске қосады, жүйке дертінің ауыр түрімен сырқаттанған адамды қоршаған ортамен үйлестіріп, табиғатпен қайта табыстырады, өмір сүруге деген ынта-ықыласын арттырады, жүрегінің қызметін жақсартып, жүйкесін тыныштандыра бастайды.

Кез-келген адам өзінің күнделікті өмірінде дене жаттығуларымен айналысқанда екі бағытта ғана қозғалыс жасайды: оңға-солға және алға-артқа. Атқа мінген адам мұның бәрін жасап, жоғары-төмен бағытта да қозғала алады. Ол – адам ағзасы үшін өте пайдалы қозғалыс. Бұл бұлшық еттерді қуаттандырады, ішкі сөл бөлуші бездер мен ішкі ағзалардың жұмысын жақсартып, күшейтеді. Осының бәрі жерде тұрып, отырып дене жаттығуын жасаған адамнан ат үстінде бірнеше бағытта қозғалған емделуші жаттығуының басты артықшылығы.

Аттың белінің бұлшық еттері көптеген бөліктерден тұратындықтан, ол адамның жамбасы мен аяқ бұлшық еттеріне үгуші және жылытушы әсер етіп, аяқтың қан айналысын қалпына келтіреді. Атқа мінген адам жүріп келе жатқанында алдында, айналасына жіті көз тастап, алыстағыны да жоғарыдан жанарымен шолып, көзінің көру қабілетін қайтадан қалпына келтіріп, жақсартады, таза ауа жұтып, ағзаны шынықтырып, иммунитетін күшейтеді, тыныс алу қызметін жолға қойып, жанын сергітеді.

Адамның атпен бірге болуы оны қайталанбас жағымды әсерлерге бөлейді, көңіл күйзелісінен арылтады, тәні мен бірге жанын сауықтырып, өзіне деген сенімділігін нығайтады, дене бітімін сұландырып, кеудесін, басын жоғары ұстап, тік жүруіне жәрдемдеседі. Тіршілік иелерінің қай-қайсында да биоөріс болғанымен, аттың биоөрісі өте күшті, қашанда адамға жақсы қуат сыйлайды. Дәрігерлердің дәлелдеуінше, адамдар аттан биоөрістік қуатты оған мініп жүргенде ғана емес, оны бағып, күту, баптау кезінде де жан-тәніне алады екен. Сөйтіп, жылқы өзінің биоөрістік қуатын адам жанына өткізіп, оның өн бойындағы биоөрістік қуатын тазартып, жаңартып шығаратын көрінеді.

Жылқы үстіндегі серуен церебралды сал ауру диагнозы қойылған балаларды емдеуде ең тиімді тәсіл. Осындай ауыр дертке шалдыққан балалардың саны елімізде оң мыңның үстінде екенін ескерсек, жылқының емдік күшін кеңінен пайдалану керек. Шығыс Қазақстанда таяуда осы мақсатта ат спорты мектебі ашылды. Жергілікті мамандар: «Атпен серуендеп, сауықтыру шараларын кешенді түрде дамыту қажет», - дейді. Жылқыға салт мінген адам екіжақты ем алады. Біріншіден, жылқы малының дене қызуы адамдікінен 1,5-2 градусқа жоғары. Яғни, ат денесінің жылылығы табиғи ем. Екіншіден, атпен баяу серуендегенде, адамға аса пайдалы импульстер беріледі.

Біз енді иппотерапияға пайдаланылатын аттар туралы айтар болсақ, оған жас, асау, үркек, жүген-құрық көрмеген, бас білмейтін жылқылар жарамайды. Шет елдерде, қазір біздің елімізде де, иппотерапияға спорттық ойындарға қатысып, оған барлық күш-қайратын беріп болған аттар тартылады: өзінің спорттық өмір жолын аяқтағаннан кейін аттар иппотерапияға пайдаланылып, тағы да бірнеше жыл адамға қызмет жасайды. Аттарды иппотерапияға пайдаланар алдында арнайы жаттығулардан өткізіп, дайындайды. Оған 3–5 жыл уақыттың да кетуі мүмкін. Өйткені, емдеу сеансы кейде ұзаққа созылып, атқа көп уақыт бойы тапжылмай тұруға да тура келеді. Немесе оның сеанс барысында бірнеше рет баяу шеңбер жасап қозғалуы қажет. Мұндай жаттығу кезінде мүмкіндігі шектеулі, сырқат балалар аттың арқасында созылып жататындықтан, ертоқымға ішін беріп, асылып бойын салбырататындықтан, аттың бір жағынан екінші жағына асып түсетіндіктен, оның бәріне шыдап, төзетін жұас, балаларды жатырмайтын, керсінше, жақсы көретін ат тандап алынады. Иппотерапияға көбінесе спорттық ойындарға қатысып, жасына байланысты одан босатылған аттардың пайдаланылатыны, мінеки, олардың осындай қатаң тәртіпке үйретіліп тасталғандығынан.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында тірек-қимылы бұзылған тұлғалар саны жыл санап көбейіп келеді. Оның үстіне тірек-қимылы бұзылған тұлғаларға арналған мекемелер, ұйымдар өте аз, жоқтың қасы десе де болады. Әрі қазіргі кезде Қазақстанда иппотерапияның барлығы дерлік жеке меншік және бағасы қымбаттау. Ал оған мүмкіндігі шектеулі балалардың кейбірінің отбасылық жағдайының қалтасы көтермейді. Сол себепті менің ұсынысым Қазақстанда иппотерапияларды мемлекет тарапынан көбейту керек және қол жетімі бағада болғаны дұрыс болар еді.

1 Иппотерапия против ДЦП/Ч.Ташенов//Казахстанская правда.-2013.-26 сентября.-С.7

2 Тұлпартерапия/Думан АНАШ//Егемен Қазақстан.-2014 жыл.-12 наурыз.

3 Иппотерапияның құпиясы неде?/Лаура Тілеубайқызы//Дидар.-2015 жыл 27 тамыз.-13 б.

4 Детский церебральный паралич/Г.М.Кумаргалиева//Терапевтический вестник.-2012 г.-№2-с 71-72

5 Иппотерапия в физической реабилитации детей в возрасте 6-10 лет с церебральным параличом. автореф...канд.наук по физ.воспит. и спорту/Воронин /Львовский гос. Ун-т физической культу-ры. науч рук. Трач В.М.-Львов. 2009 год 17 с.

**Резюме**

**Иппотерапия в лечении детей с нарушением опорно-двигательного аппарата**

**Кошжанова Г.А.** – магистр п.п.н. КазНПУ им Абая, кафедра специального образования

**Аязбекова А.С.** – Студент 2-го курса, специальности дефектология КазНПУ имени Абая

В статье описываются формы лечения детей с нарушением опорно-двигательного аппарата с применением иппотерапии. В настоящее время число детей с нарушением костно-мышечной системы увеличивается из года в год. Езда верхом - это наиболее эффективный и интересный прием в коррекции и развитии детей, которым поставлен диагноз «Детский церебральный паралич». Число детей, страдающих от такого серьезного заболевания, в РК превысило десять тысяч. Учитывая это, следует использовать целебную силу верховой езды.

**Ключевые слова:** опорно-двигательный аппарат, иппотерапия, нервная система, лечение и диагностика.

**Summary**

**Treatment of hippotherapy for children with disorders of the musculoskeletal system**

**Koshanova G.A.** – master. specialty of pedagogy of chair special education KazNPU named after Abai

**Ayazbekova A.S.** – Student of the 2nd year, specialty Defectology KazNPU named after Abai

This article provides a form of treatment of children with disorders of the musculoskeletal system using hippotherapy. Currently, the number of children in violation of the musculoskeletal system are increasing from year to year. Riding a horse is the most effective approach to the treatment of children who are diagnosed with the disease cerebral palsy. The number of suffering from such a serious illness has exceeded more than ten thousand children in the country, with this in mind, you should use the healing power of horses.

**Keywords:** musculoskeletal system, hippotherapy, the nervous system, treatment and diagnosis.